


12016

1210



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ  
«ҒЫЛЫМ ОРДАСЫ» РМК  
ҒЫЛЫМИ КІТАПХАНА

**ЖҮНІС САҚҰРПАҒЫ**  
**ЖУНИС САХИЕВ**  
**ZHUNIS SAKURPAGY**







И. К. Г. —



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ  
«ҒЫЛЫМ ОРДАСЫ» РМК ҒЫЛЫМИ КІТАПХАНАСЫ**

---

**Қазақстан ғалымдарының биобиблиографиясы**

**ЖҮНІС  
САҚҰРПАҒЫ**

**Алматы  
2015**

016:929 Сақұрнағар

ӘОЖ 01:821.512.122.0

КБЖ 91.9.:83

~~Ж 88~~

С 17.

### **БАС РЕДАКТОР**

педагогика ғылымының докторы, профессор  
Шәмшиден АБДРАМАН

### **ЖАУАПТЫ РЕДАКТОР**

«Ғылым ордасы» РМК-ның бас директоры  
Роза Оспанқызы КӘРІБЖАНОВА

### **ЖАНР ЗЕРТТЕУШІСІ**

Кабдрахман Әбілқасымұлы НАУРЫЗБАЕВ

### **РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫНЫҢ МҮШЕЛЕРІ:**

Л.Д. Әбенова (библиогр. ред.), С.К. Майлыбай (қаз. тілі  
ред.), Т.В. Вдовухина (ағылш. тілі ред.).

Ж 88. Жүніс Сақұрпағы Биобиблиографиялық көрсеткіш  
/Құраст.: ф.ғ.к. С. Қисымов, К.Ә. Наурызбаев. – Алматы:  
«Ғылым ордасы» РМК Ғылыми кітапханасы, 2015. – 194 бет:  
портр. «Қазақстан ғалымдарының биобиблиографиясы».

ISBN 878-601-7254-82-7

ӘОЖ 01:821.512.122.0

КБЖ 91.9.:83

ISBN 878-601-7254-82-7

© «Ғылым ордасы» РМК,  
Ғылыми кітапхана, 2015

**РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН**  
**МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ**  
**КОМИТЕТ НАУКИ**  
**НАУЧНАЯ БИБЛИОТЕКА РГП «БЫЛЫМ ОРДАСЫ»**

---

**Биобиблиография ученых Казахстана**

**ЖУНИС**  
**САХИЕВ**

**Алматы**

**2015**

**УДК 01:821.512.122.0**

**ББК 91.9.:83**

**Ж 88**

**ГЛАВНЫЙ РЕДАКТОР**

доктор педагогических наук, профессор  
Шамшиден АБДРАМАН

**ОТВЕТСТВЕННЫЙ РЕДАКТОР**

- Генеральный директор РГП «Ғылым ордасы»  
Роза Оспановна КАРИБЖАНОВА

**ИССЛЕДОВАТЕЛЬ ЖАНРА**

Кабдрахман Абилкасымулы НАУРЫЗБАЕВ

**ЧЛЕНЫ РЕДКОЛЛЕГИИ:**

Ред.: Л.Д. Абенова (библиогр. ред.), С. Майлыбаева ( ред.  
каз. яз.). Т.В.Вдовухина ( ред. англ. яз.),

**Ж 88** Жунис Сахиев: Биобиблиографический указатель  
/ Сост.: к.ф.н. С. Кисымов, К.А. Наурызбаев. – Алматы:  
РГП «Ғылым ордасы», 2015. – 194 с., портр. [Серия  
«Биобиблиография ученых Казахстана»].

ISBN ISBN 878–601–7254–82–7 УДК 01:821.512.122.0  
ББК 91.9.:83

ISBN 878–601–7254–82–7 © РГП «Ғылым ордасы»  
Научная библиотека, 2015

**REPUBLIC OF KAZAKHSTAN  
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE  
COMMITTEE OF SCIENCE  
SCIENTIFIC LIBRARY RSE «GYLYM ORDASY»**

---

**Biobibliography of scientists of Kazakhstan**

**ZHUNIS  
SAKURPAGY**

**Almaty**

**2015**

**UDK 01:821.512.122.0**

**BBK 91.9:83**

**Zn 88**

**EDITOR-IN-CHIEF**

doctor of pedagogy, professor  
Shamshiden ABDRAMAN

**EXECUTIVE EDITOR**

General director of «Gylym ordasy» RSE  
Roza Ospanovna KARIBZHANOVA

**RESEARCHER GENRE**

Kabdrakhman Abilkasymuly NAURYZBAYEV

**Editors:**

L.D. Abenova (bibliographic editor), S.K. Mailybai (kaz.  
editor), T.V. Vdobukhina (english editor).

Zh 88 Zhunis Sakurpagy: Biobibliographic index / Compiled  
by S. Kisymov, K.A. Nauryzbayev. – Almaty: “Gylym ordasy”  
RSE Scientific Library, 2015. – 194 p.: portr. [«Biobibliography  
of scientists of Kazakhstan» series].

ISBN 878–601–7254–82–7

UDK 01:821.512.122.0  
BBK 91.9:83

ISBN 878–601–7254–82–7

© «Gylym ordasy» RSE  
Scientific Library, 2015

## ОҚЫРМАНДАРҒА

Қазақстан Республикасы ғалымдарының биобиблиографиясы сериясының жалғасы болып табылатын бұл көрсеткіш Қазақстанда сериялы ғылыми-болашақтық романдар жазуды алғаш бастаған жазушы-болашақгер, Қазақстан Жазушылар одағы әдеби, Халықаралық Байқоңыр сыйлықтарының лауреаты, бұрынғы КСРО ҒА Астрономия-геодезия қоғамының толық мүшесі **Жүніс Сақұрпағына** арналған.

Басылым жазушы-болашақгердің шығармашылық белсенді қызметін, өзі «Кеңістік көшпенділері» жалпы айдарымен жазған авторлық сериялы ғылыми-болашақтық романдары, ғылыми, ғылыми-танымдық мақалалары мен аудармаларын және ол туралы жазылған әдебиеттерді қамтиды.

Биобиблиографияға жазушы-болашақгердің өмірі мен еңбектерін сипаттайтын мәліметтер, оның еңбектері және ол туралы әдебиет енгізілген.

Көрсеткіште жазушы-болашақгердің еңбектері хронологиялық тәртіппен орналастырылған, әр жылдың көлемінде әліпби ретімен: алдымен қазақша, одан кейін өзге ұлт тілдерінде жарияланған еңбектері беріліп отыр.

Кітап көмекші құралдармен қамтамасыз етілген, олар: еңбектердің әліпбилік көрсеткіші, жазушы-болашақгердің еңбектерінде аталған есімдер мен жағрапиялық атаулары және жазушы-болашақгердің еңбектері жарияланған деректер көрсеткіші берілген.

Көмекші құралдарында сілтемелер хронологиялық көрсеткішіндегі еңбектердің сандық тәртібімен орналасқан.

## К ЧИТАТЕЛЯМ

Предлагаемый указатель – продолжение серии «Биобиблиография учёных Казахстана» – посвящен писателю-болашакгеру, родоначальнику серийных научно-болашакских романов в Казахстане, лауреату литературной премии Союза писателей Казахстана и Международной премии «Байқоңыр», действительному члену Астрономо-геодезического общества АН бывшего СССР **Жунису Сахиеву**.

Биобиблиография включает материалы, характеризующие творческую активность писателя-болашакгера, вышедшие серийные научно-болашакские романы под общим названием «Кочевники Вселенной», научные, научно-познавательные труды, его переводы и литературу о нем.

Материалы в указателе расположены в хронологическом порядке, в пределах каждого года – по алфавиту: сначала идут работы, опубликованные на казахском, затем на других языках.

Вспомогательные указатели включают: алфавитный указатель трудов писателя-болашакгера, именной указатель, географический, а так же указатель заглавий источников на страницах которых опубликованы труды писателя-болашакгера.

Во всех вспомогательных указателях ссылки даются на порядковые номера работ, помещенных в хронологическом указателе трудов

## TO THE READERS

The present index – one of the books included in «Biobibliography of scientists of Kazakhstan» series is devoted to the writer-bolashakger, ancestor of serial scientific and bolashaktic novels in Kazakhstan, the Union of Kazakhstan Writers Literary Prize Laureate, «Baikonur» International Prize Laureate, full member of Astronomic and Geodesic Society **Zunis Sakurpagy**.

Biobibliography includes materials characterizing creative activity, published serial scientific and bolashaktic novels under common name «Universe nomads», scientific and cognitive works of writer-bolashakger, his translations and literature about him.

Materials in the index are placed in chronological and alphabetical order within each year: at first there are in Kazakh then in Russian languages.

References in the alphabetical index of works regard the ordinal numbers of works placed in chronological index.

**ҚАЗАҚСТАНДА СЕРИЯЛЫ  
ҒЫЛЫМИ-БОЛАШАҚТЫҚ РОМАНДАР ЖАЗУДЫ  
АЛҒАШ БАСТАҒАН ЖАЗУШЫ-БОЛАШАҚҒЕР,  
ҚАЗАҚСТАН ЖАЗУШЫЛАР ОДАҒЫ ӘДЕБИ,  
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БАЙҚОҢЫР  
СЫЙЛЫҚТАРЫНЫҢ ЛАУРЕАТЫ, БҰРЫНҒЫ  
КСРО ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫ АСТРОНОМИЯ-  
ГЕОДЕЗИЯ ҚОҒАМЫНЫҢ ТОЛЫҚ МҮШЕСІ  
ЖҮНІС САҚҰРПАҒЫНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ,  
ҒЫЛЫМИ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ ҚЫЗМЕТТЕРІНІҢ  
НЕГІЗГІ КЕЗЕҢДЕРІ**

Жүніс Сақұрпағы 1950 жылы наурыз айының 1-ші жаңа күнінде Оңтүстік Қазақстан облысы, Бәйдібек ауданына қарасты Алмалы ауылында дүниеге келді.

**1956-1966.** Алмалы аулындағы Қаныш Имантайұлы Сәтбаев атындағы қазақ орта мектебінде оқыды.

**1966-1968.** Бәйдібек ауданының орталығы Шаяндағы аудандық байланыс бөлімшесінде телеграфшы.

**1968-1970.** Армия қатарында сержант дәрежесінде радист, радиотелеграфшы болып әскери борышын өтеді.

**1970-1971.** Бәйдібек ауданының орталығы Шаяндағы аудандық бөлімшеде телеграфшы қызметін жалғастырып, радиоторапта техник, Қазақстан Республикасы Гидрометеорология қызметінің Шаян стансасында ауа райын бақылаушы қызметтерін қатар атқарды.

**1971.** «Кеңістік көшпенділері» жалпы тақырыппен қазақ ғылыми болашақгерлік жанрында алғаш болып авторлық сериялы ғылыми-болашақтық романдарының біріншісі – «Тіршілік ұясы» ғылыми-болашақтық романын жазды.

**1971-1972.** Алматы қаласындағы Мақта-мата комбинатының автоматты телефон стансасында техник қызметін атқарды.

**1972-1977.** Әбу Насыр әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жазбагер факультетінің студенті.

**1974.** «Атлантида жаңғырығы» ұжымдық ғылыми-болашақтық повесть-бурименін үшінші бөлімін өзі «Тұңғықта» деп қойған тақырыппен «Қазақстан пионері» газетінде жариялады.

**1976.** Мәскеуден шығатын «Земля и Вселенная» ғылыми-көпшілік журналында 1975 жылғы шілдедегі Ай тұтылуына жасаған ғылыми зерттеу еңбегі жарияланды.

**1976.** жылы «Кеңістік көшпенділері» деген жалпы тақырыппен аталған авторлық сериялы ғылыми-болашақтық романдарының алпыс бірінші – «Жаңбыр жауғанда» романының журналдық нұсқасы «Семей таңы» газетінің екі нөмірінде жарияланды.

**1977.** «Кеңістік көшпенділері» авторлық сериясының «Жаңбыр жауғанда» ғылыми-болашақтық романының журналдық нұсқасы «Жалын» баспасынан шыққан «Жібек жел» авторлар жинағында жарық көрді.

**1977-1980.** Республикалық «Спорт» газетінде аудармашы.

**1980-1986.** Республикалық «Мектеп» баспасында тарих, география және қазақ тілі мен әдебиеті редакцияларында редактор.

**1981.** «Кеңістік көшпенділері» авторлық сериялы ғылыми-болашақтық романдарының біріншісі «Тіршілік ұясы», «Шолпан таңы атқанша» ғылыми-болашақтық романдарының журналық нұсқалары «Жалын» баспасынан шыққан «От-тас» авторлар жинағында жарияланды.

**1983.** «Кеңістік көшпенділері» авторлық сериялы ғылыми-болашақтық романдарының біріншісі «Тіршілік ұясы» ғылыми-болашақтық романының журналдық нұсқасы "Жалын" баспасынан жарық көрді.

**1984.** «Кеңістік көшпенділері» авторлық сериясының «Қолқоржын» ғылыми-болашақтық романының журналдық нұсқасы «Жалын» баспасынан шыққан «Жерұйыққа саяхат» авторлар жинағын жарық көрді.

**1986.** «Жерде шешілген жұмбақ» ғылыми-болашақтық шығармасы «Жалын» баспасынан шыққан «Қызыл сәуле» авторлар жинағында жарық көрді.

**1986-1989.** Қазақстан Республикасы Баспа, полиграфия және кітап саудасы істері жөніндегі мемлекеттік комитетінде аға ғылыми редактор.

**1987.** «Кеңістік көшпенділері» авторлық сериялы ғылыми-болашақтық романдарының екіншісі «Борыш» ғылыми-болашақтық романының повестік нұсқасы ғалым, фарабитанушы, Қазақстан Республикасы Ғылым академиясының корреспондент мүшесі, профессор Ақжан Жақсыбекұлы әл-Машанидің «Қайырлы қадам» алғысөзімен «Жалын» баспасынан жарық көрді.

**1988-2002.** «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясында ғылыми редактор, аға ғылыми редактор, Техника және

Астрономия редакциясының меңгерушісі қызметтерін атқарды.

**1989.** Латыш Республикасы Латыш Жазушылар одағының Дубултыдағы демалыс үйінде өткен жазушы-болашақгерлердің Бүкілодақтық семинарына қатысып, қазақ жазушы-болашақгерлерінен алғаш болып КСРО Жазушылар одағына мүшелікке қабылдануға семинар шешімімен оның жетекшісі, Ресейдің белгілі жазушысы Сергей Снеговтың қолынан Кепілдеме алды.

**1991.** «Кеңістік көшпенділері» авторлық сериялы ғылыми-болашақтық романдардың үшіншісі – «Шеңбердің түйісуі» ғылыми-болашақтық романының повестік нұсқасы «Жалын» баспасынан жарық көрді.

**1996.** «Кеңістік көшпенділері» авторлық серисының "Қимайтын әлем" ғылыми-болашақтық романының журналдық нұсқасы Чех Республикасының астанасы Прагада шығатын «Немезида» ғылыми-танымдық журналында чех тілінде жарияланды. Бұл қазақ ғылыми болашақгерлік жанры тарихында Шығыс Еуропа оқырмандарына танылған, шет ел асқан тұңғыш ғылыми-болашақтық роман.

**1999.** «Кеңістік көшпенділері» авторлық сериялы ғылыми-болашақтық романдарының төртіншісі – «Көктен келген көшпенділер» ғылыми-болашақтық романы «Жазушы» баспасынан жарық көрді.

**2002.** «Кеңістік көшпенділері» авторлық сериялы ғылыми-болашақтық романдарының бесіншісі – «Марстан шыққан жаңғырық» ғылыми-болашақтық романы «Білім» баспасынан жарық көрді.

**2002-2005.** Астана қаласындағы «Фолиант» баспасында  
Бас редактор.

**2003.** «Кеңістік көшпенділері» авторлық сериялы ғылыми-болашақтық романдарының алтыншысы – «Қимайтын әлем» ғылыми-болашақтық романы «Ғылым» ғылыми баспа орталығынан жарық көрді.

**2004.** «Кеңістік көшпенділері» авторлық сериялы ғылыми-болашақтық романдарының жетіншісі – «Шолпанға көшкен ауыл» ғылыми-болашақтық романы Астанадағы «Елорда» баспасынан жарық көрді.

**2005-2009.** Астанада шығатын «Сүмбіле» ғылыми-танымдық басылымының Бас редакторы.

**2006.** «Кеңістік көшпенділері» авторлық сериялы ғылыми-болашақтық романдарының сегізіншісі – «Космотарих куәсі» ғылыми-болашақтық романы Астанадағы «Елорда» баспасынан жарық көрді.

**2008.** «Кеңістік көшпенділері» авторлық сериялы ғылыми-болашақтық романдарының тоғызыншысы «Су әлемінің саздары» ғылыми-болашақтық романы Астанадағы «Фолиант» баспасынан жарық көрді.

**2008.** Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Орталық ғылыми кітапханасынан «Жүніс Сахиев» биобиблиографиялық көрсеткіші жарық көрді.

**2009.** «Кеңістік көшпенділері» авторлық сериялы ғылыми-болашақтық романдарының оныншысы «Жасампаздық қиырында» ғылыми-болашақтық романы «Білім» баспасынан жарық көрді.

**2010.** Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Орталық ғылыми кітапханасынан «Жүніс Сахиев» биобиблиографиялық көрсеткіші жарық көрді.

**2011.** «Кеңістік көшпенділері» авторлық сериялы ғылыми-болашақтық романдарының он біріншісі – «Ғарыштан келген гүл» ғылыми-болашақтық романы Астанадағы "Елорда" баспасынан жарық көрді.

**2011.** Сәуір айының 6-12 жаңа күндерінде Ақтөбе облыстық Планетарий ұжымы Ю.А. Гагариннің ғарышқа ұшқанына 50 жыл толуына орай ұйымдастырған «Жұлдызды 50 жыл» апталығына қатысып, Планетарийде тыңдармандарға «Қазақ халқының жұлдызды әлемді тану тарихы» тақырыбында дәріс оқыды. Ол орыс, ағылшын тілдеріне аударылып тұрды.

**2011.** Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 20 жылдығы мен Ю.А.Гагариннің ғарышқа ұшқанына 50 жыл толуына орай Қараша айының 7-15жаңа күндерінде Ақтөбе облыстық Планетарийі ұжымының ұйымдастыруымен өткен Азия-Тынық мұхиттық Астрономиялық олимпиадаға кеңесші ретінде қатысып, сол құраммен Байқоңыр ғарышайлағында болды. Планетарийде тыңдаушыларға «Қазақтың жұлдызды өркениеті» тақырыбында дәріс оқыды.

**2011.** Қараша айының 30 мен Желтоқсан айының 1, 2 күндерінде қазақ ғылыми болашақгерлік жанрында тұңғыш рет Астанадағы «Назарбаев университетінің» Сенат залында жазушы-болашақгерлер мен болашақшылардың 1-ші Халықаралық Конгресі болып өтті. Онда Жүніс Сақұрпағы «Қазақ ғылыми болашақгерлік жанрының даму қарқыны» тақырыбында баяндама жасады.

**2013.** «Кеңісітік көшпенділері» авторлық сериялы ғылыми-болашақтық романдарының он екіншісі – «Күзетші» ғылыми-болашақтық романы Астанадағы «Елорда» баспасынан жарық көрді.

**2014.** Астанадағы «Фолиант» баспасынан Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі ұсынысымен «Үлкен энциклопедия» сериясымен тұңғыш рет қазақ тілінде Жүніс Сақұрпағының «Астрономия» энциклопедиясы жарық көрді.

### **Ғылыми дәрежелері мен марапаттары**

**1990.** Қызыл ғаламшар – Марстың Жерімізге 1988 жылғы ұлы қарсы тұруы – мейлінше жақындасуы кезінде өзінің «Мицар» деп аталатын сыңардүрбісі – телескопы арқылы оған ғылыми зерттеу жүргізіп, түрлі-түсті шыны сүзгілер арқылы 60 суретін қолмен салып, оған ғылыми маңызды түсініктемелер жазғаны үшін Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясы Астрофизика институты ғалымдары және Мәскеуден шығатын «Астрономический вестник» ғылыми журналының астроном ғалымдары ұсынысымен КСРО Ғылым академиясы Физика–математика Бөлімі құрамындағы Бүкілодақтық Астрономия-геодезия қоғамының толық мүшесі болды.

**1994.** «Кеңістік көшпенділері» авторлық сериялы ғылыми-болашақтық романдарының үшіншісі «Шеңбердің түйісуі» ғылыми-болашақтық романы үшін Қазақстан Жазушылар одағының «Жандос» атындағы әдеби сыйлығының лауреаты дипломын алды.

**1995.** Ұлы ақын Абайдың туылғанына 150жыл толған мерейтойына орай қазақ басылымында жеке тұлғаға арна-

лып, тұңғыш рет жарық көрген «Абай» энциклопедиясына белсене атсалысқаны үшін Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінің Құрмет грамотасымен марапатталды.

**2011.** Қараша айының 30 мен Желтоқсан айының 1, 2 күндерінде Астанада қазақ ғылыми болашақгерлік жанры тарихында тұңғыш рет өткен жазушы-болашақгерлер мен болашақшылардың 1-ші Халықаралық Конгресінде өзі Қазақстанда алғаш бастаған авторлық «Кеңістік көшпенділері» сериялы ғылыми-болашақтық романдарымен әлемдік ғылыми болашақгерлік жанрының дамуына қосқан мол үлесі үшін Халықаралық Байқоңыр сыйлығының лауреаттық дипломы берілді.

**ОСНОВНЫЕ ДАТЫ ТВОРЧЕСКОЙ, НАУЧНОЙ  
И ОБЩЕСТВЕННОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ  
ПИСАТЕЛЯ, РОДОНАЧАЛЬНИКА АВТОРСКИХ  
СЕРИЙНЫХ НАУЧНО-БОЛАШАКСКИХ РОМАНОВ  
В КАЗАХСТАНЕ, ЛАУРЕАТА ЛИТЕРАТУРНОЙ  
ПРЕМИИ СОЮЗА ПИСАТЕЛЕЙ КАЗАХСТАНА,  
ЛАУРЕАТА МЕЖДУНАРОДНОЙ ПРЕМИИ  
«БАЙҚОҢЫР», ДЕЙСТВИТЕЛЬНОГО ЧЛЕНА  
АСТРОНОМО-ГЕОДЕЗИЧЕСКОГО ОБЩЕСТВА  
АН СССР ЖУНИСА САХИЕВА<sup>1</sup>**

Жунис Сахиев родился 1 марта 1950 года в ауыле Алмалы Байдибекского района Южно-Казахстанской области.

**1956-1966.** Учился в казахской средней школе имени Каныша Имантаевича Сатпаева в родном ауыле Алмалы.

**1966-1968.** Работал телеграфистом и в отделении связи в районном центре Чаян.

**1968-1970.** Служил радистом, телеграфистом в армии в должности командира отделения в звании сержанта.

**1970-1971.** По возвращении из армии продолжал работать в районном центре Чаян телеграфистом и одновременно техником радиоузла и метеонаблюдателем на метеостанции Чаян Гидрометслужбы Казахстана.

**1971.** Написал свой первый научно-болашакский роман «Тірішілік ұясы» – «Гнездо жизни» из своей авторской серии научно-болашакских романов под общим названием «Кеңістік көшпенділері» – «Кочевники Вселенной».

---

<sup>1</sup> Жунис Сахиев – перевод с казахского Жүніс Сақұрпағы.

**1971-1972.** Работал электротехником автоматической телефонной станции Хлопчатобумажного комбината города Алматы.

**1972-1977.** Учеба на факультете филологии Казахском Национальном университете имени Абу Насыр аль-Фараби

**1974.** В республиканской газете «Қазақстан пионері» опубликовал третью часть повести-буриме «Атлантида жанғырығы» – «Эхо Атлантиды» под названием «Тұңғыықта» – «В глубине».

**1976.** Вышел в свет журнальный вариант научно-болашакского романа «Жаңбыр жауғанда» – «Когда пойдет дождь» из его авторской серии научно-болашакских романов под общим названием «Кеңістік көшпенділері» – «Кочевники Вселенной» в двух номерах областной газете «Семей таңы».

**1976.** Опубликовано научные результаты его наблюдений полного Лунного затмения в июле 1975 года во Все-союзном научно-популярном журнале «Земля и Вселенная» в Москве.

**1977.** В сборнике авторов «Жібек жел» – «Свежий ветерок» издательства «Жалын» был опубликован журнальный вариант его научно-болашакского романа «Жаңбыр жауғанда» – «Когда пойдет дождь» из его авторской серии научно-болашакских романов под общим названием «Кеңістік көшпенділері» – «Кочевники Вселенной».

**1977-1980.** Работал в республиканской газете «Спорт» переводчиком материалов ТАСС

**1980-1986.** Редактор редакций Истории, географии и казахского языка и литературы в издательстве «Мектеп».

**1981.** Вышли в свет журнальные варианты первого научно-болашакского романа «Тірішілік ұясы» – «Гнездо жизни» и «Шолпан таңы атқанша» – «До зари Шолпана» из его авторской серии научно-болашакских романов под общим названием «Кеңістік көшпенділері» – «Кочевники Вселенной» в авторском сборнике «ОТ-тас» – «Огненный камень» в издательстве «Жалын».

**1983.** Вышел первый научно-болашакский роман «Тірішілік ұясы» – «Гнездо жизни» в журнальном варианте сборником из его авторской серии научно-болашакских романов под общим названием «Кеңістік көшпенділері» – «Кочевники Вселенной» вместе с другими его научно-болашакскими произведениями в издательстве «Жалын».

**1984.** Журнальный вариант научно-болашакского романа «Қолқоржын» – «Рюкзак» из его авторской серии научно-болашакских романов под общим названием «Кеңістік көшпенділері» – «Кочевники Вселенной» был опубликован в сборнике авторов «Жерұйыққа саяхат» – «Путешествие в рай Земли» в издательстве «Жалын».

**1986.** Вышло в свет научно-болашакское произведение «Жерде шешілген жұмбақ» – «Разгадано на Земле» в сборнике авторов «Қызыл сәуле» – «Красный луч» в издательстве «Жалын».

**1986-1989.** Старший научный редактор отдела учебно-методической литературы Государственного Комитета по делам издательств, полиграфии и книжной торговли Казахстана.

**1987.** Вышел в свет повестный вариант второго научно-болашакского романа «Борыш» – «Долг» из авторской серии научно-болашакских романов под общим названием «Кеңістік көшпенділері» – «Кочевники Вселенной» с предисловием крупного казахского ученого Аюкана Жаксыбекулы ал-Машани в издательстве «Жалын».

**1988-2002.** Работал в Главной редакции «Қазақ энциклопедиясы» научным, старшим научным редактором и заведующим отделом научной редакции Техники и Астрономии.

**1989.** Участвовал во Всесоюзном семинаре писателей-болашакгеров, проходившего в Доме отдыха Союза писателей Республики Латвии в городе Дубулты, вблизи столицы Риги, где первым из казахских писателей-болашакгеров получил рекомендацию Всесоюзного семинара для вступления в члены Союза писателей СССР, написанную руководителем семинара, известным русским писателем Сергеем Снеговым.

**1991.** Вышел в свет повестный вариант третьего научно-болашакского романа «Шеңбердің түйісуі» – «Соединение кольца» из его авторской серии научно-болашакских романов под общим названием «Кеңістік көшпенділері» – «Кочевники Вселенной» в издательстве «Жалын».

**1996.** Опубликован журнальный вариант шестого научно-болашакского романа «Қимайтын әлем» – «Желанный из миров» из его авторской серии научно-болашакских романов под общим названием «Кеңістік көшпенділері» – «Кочевники Вселенной» в научно-популярном журнале «Немезида» на чешском языке в столице Чешской Республики Праге.

**1999.** Вышел в свет в полном объеме четвертый научно-болашакский роман «Көктен келген көшпенділер» – «Кочевники из космоса» из авторской серии научно-болашакских романов под общим названием «Кеңістік көшпенділері» – «Кочевники Вселенной» в издательстве «Жазушы».

**2002.** Вышел в свет пятый научно-болашакский роман «Марстан шыққан жаңғырық» – «Эхо Марса» из его авторской серии научно-болашакских романов под общим названием «Кеңістік көшпенділері» – «Кочевники Вселенной» в издательстве «Білім».

**2002-2005.** Главный редактор в издательстве «Фолиант» в Астане.

**2003.** Вышел в свет шестой научно-болашакский роман «Қимайтын әлем» – «Желанный из миров» из авторской серии научно-болашакских романов под общим названием «Кеңістік көшпенділері» – «Кочевники Вселенной» в издательском центре «Ғылым».

**2004.** Вышел в свет седьмой научно-болашакский роман «Шолпанға көшкен ауыл» – «Ауыл, перекочевавший на планету Шолпан» из авторской серии научно-болашакских романов под общим названием «Кеңістік көшпенділері» – «Кочевники Вселенной» в издательстве «Елорда» в Астане.

**2005.** Назначен главным редактором научно-познавательного издания – «Сүмбіле» – «Сириус» в Астане.

**2006.** Вышел в свет восьмой научно-болашакский роман «Космотарих куәсі» – «Свидетель космоистории» из авторской серии научно-болашакских романов под общим

названием «Кеңістік көшпенділері» – «Кочевники Вселенной» в издательстве «Елорда» в Астане.

**2008.** Вышел в свет девятый научно-болашакский роман «Су әлемінің саздары» – «Мелодии подводного мира» из авторской серии научно-болашакских романов под общим названием «Кеңістік көшпенділері» – «Кочевники Вселенной» в издательстве «Фолиант» в Астане.

**2008.** Был опубликован биобиблиографический указатель «Жүніс Сахиев», Центральная научная библиотека, Министерства образования и науки Республики Казахстан.

**2009.** Вышел в свет десятый научно-болашакский роман «Жасампаздық қиырында» – «На периферии побеждаемости» из авторской серии научно-болашакских романов под общим названием «Кеңістік көшпенділері» – «Кочевники Вселенной».

**2011.** Вышел в свет одиннадцатый научно-болашакский роман «Ғарыштан келген гүл» – «Цветок из космоса» из авторской серии научно-болашакских романов под общим названием «Кочевники Вселенной».

**2013.** Опубликован двенадцатый научно-болашакский роман «Күзетші» – «Сторож» из авторской серии научно-болашакских романо в под общим названием «Кеңістік көшпенділері» – «Кочевники Вселенной».

**2014.** В Астане в издательстве «Фолиант» по рекомендации Министерства Образования и науки Республики Казахстан в серии «Үлкен энциклопедия» впервые на казахском языке вышла энциклопедия «Астрономия» автора-составителя Жуниса Сахиева.

## Награды, звания

**1990.** За научно-исследовательскую работу, проведенную с помощью телескопа «Мицар» в 1988 году во время великого противостояния Марса с Землей, и 60 рисунков планеты, нарисованных цветным карандашом, за результативные научные рассуждения, по рекомендациям ученых Института Астрофизики Национальной академии наук Республики Казахстан и ученых-астрономов московского научного журнала «Астрономический вестник», утвержден действительным членом Всесоюзного Астрономо-геодезического общества Физико-математического Отделения АН СССР.

**1994.** В Дни индийской литературы в Казахстане в Доме Союза писателей Казахстана вручен диплом лауреата литературной премии Союза писателей Казахстана и общества Жандос за третью книгу «Шеңбердің түйісуі» – «Соединение кольца» из авторской серии научно-болашакских романов под общим названием «Кеңістік көшпенділері» – «Кочевники Вселенной».

**1995.** Награжден Почетной грамотой Министерства культуры, информации и общественного согласия Республики Казахстан за активное участие в выпуске энциклопедии «Абай», посвященной 150-летию великого поэта.

**2011.** При закрытии 1-го Международного Конгресса писателей-болашакгеров и футурологов, проходившего в Назарбаев университете в Астане, Жунису Сахиеву торжественно вручены диплом Международной премии Байқоңыр и космостатуетка за большой вклад авторскими серийными научно-болашакскими романами под общим названием «Кеңістік көшпенділері» – «Кочевники Вселенной» в развитие мировой научно-болашакской мысли.

**THE MAIN DATES OF CREATIVE AND  
SCIENTIFIC ACTIVITY OF THE WRITER-  
BOLASHAKGER, ANCESTOR OF SERIAL  
SCIENTIFIC AND BOLASHAKTIC NOVELS IN  
KAZAKHSTAN, LAUREATE OF THE LITERARY  
PRIZE OF THE UNION OF KAZAKHSTAN  
WRITERS, «BAIKONYR» INTERNATIONAL PRIZE  
LAUREATE, FULL MEMBER OF ASTRONOMIC  
AND GEODESIC SOCIETY OF USSR ACADEMY  
OF SCIENCES ZHUNIS SAKURPAGY**

Zhunis Sakurpagy was born in 1950, march, 1 in Almaly aul, Baidibek region, South-Kazakhstan oblast.

**1956-1966.** Studied at the K.I. Satpayev secondary Kazakh school in Almaly native aul.

**1966-1968.** Telegrapher at the district signal service of Chayan regional center.

**1968-1970.** Served in the Army as telegrapher and radio operator holding a post of department commander in rank of sergeant.

**1970-1971.** Telegrapher, technician of broadcasting and simultaneously as meteorologist at the Chayan meteorological station of the Kazhydromet.

**1971.** Wrote his first scientific-bolashaktic novel «The nest of life» under the common name «Nomads of the Universe».

**1971-1972.** Electrician of ATS at the cotton factory in Alma-Ata city.

**1972-1977.** Student of the philological faculty of the Abu Nasr al-Farabi Kazakh State University.

**1974.** For the first time published the third part named «In deep» of the scientific and bolashaktic story-bouts rimes «Echo of Atlantis» in the republican newspaper «The pioneer of Kazakhstan».

**1976.** Journal version of the scientific-bolashaktic novel «When it starts to rain» of the author's series of scientific-bolashaktic novels under a common name «The nomads of Universe» was published in two numbers of «Semey tany» oblast newspaper.

**1976.** There were published the scientific results of his observations of the lunar eclipse on July, 1975 in republican scientific and popular journal «Earth and Universe».

**1977.** Journal version of the scientific-bolashaktic novel «When it starts to rain» of the author's series of scientific-bolashaktic novels under a common name «The nomads of Universe» was published in the writers' collection «A fresh breeze».

**1977-1980.** Translator of TASS materials at «Sport» republican newspaper.

**1980-1986.** Editor in history, geography and Kazakh language and literature at «School» publishing house.

**1981.** The journal version of the first scientific-bolashaktic novel «The nest of life» of author's series of scientific-bolashaktic novels under a common name «The nomads of Universe» and scientific-bolashaktic story «Before the rising

star» was published in the author's collection «Firestone» at «Zhalyn» publishing house.

**1983.** The journal version of his first scientific-bolashaktic novel «The nest of life» of author's series of scientific-bolashaktic novels under a common name «The nomads of Universe» together with other scientific-bolashaktic stories was published at «Zhalyn» publishing house.

**1984.** The journal version of the ninth scientific-bolashaktic novel «The backpack» of author's series of scientific-bolashaktic novels under a common name «The nomads of Universe» was published in author's collection named «A trip to paradise» at «Zhalyn» publishing house.

**1986.** A scientific-bolashaktic story «A clue is at the Earth» in author's collection named «A red ray» was published at «Zhalyn» publishing house.

**1986-1989.** Senior research editor at the department of scientific and methodical literature of the State committee by publishing, polygraph and book trade of Kazakhstan.

**1987.** The tale version of the second scientific-bolashaktic novel «The debt» with a preface of the Kazakh scientist A.Zh. Mashani of author's series of scientific-bolashaktic novels under a common name «The nomads of Universe» together with other scientific and bolashaktic stories was published at «Zhalyn» publishing house.

**1986-2002.** Research editor, senior research editor and a head of department of scientific editorship in technique and astronomy at the chief editorial office «Kazakh encyclopedia».

**1989.** Participated in the All-Union seminar of fiction writers at Dubuly town, Latvian Republic, where the first among Kazakh fiction writers received a recommendation of the All-Union seminar for the entry as a member into the USSR Union of writers written by the leader of seminar, well-known Russian writer Sergei Snegov.

**1991.** The tale version of the third scientific-bolashaktic novel «Connect the ring» of author's series of scientific-bolashaktic novels under a common name «The nomads of Universe» was published at «Zhalyn» publishing house.

**1996.** The journal version of the sixth novel «Desired of all possible worlds» of author's series of scientific-bolashaktic novels under a common name «The nomads of Universe» was published at the pages of popular scientific and cognitive journal «Nemezida» at Prague, the capital of Czech Republic, in the Czech language.

**1999.** The fourth scientific-bolashaktic novel «The nomads from the space» of author's series of scientific-fiction novels under a common name «The nomads of Universe» was published at «Zhazushy» publishing house.

**2002.** The fifth scientific-bolashaktic novel «The echo of Mars» of author's series of scientific-bolashaktic novels under a common name «The nomads of Universe » was published at «Bilim» publishing house.

**2002-2005.** Chief editor at «Folio» publishing house in Astana city.

**2003.** The sixth scientific-bolashaktic novel «Desired of the possible worlds» of author's series of scientific-bolashaktic

novels under a common name «The nomads of Universe» was published at «Gylym» publishing center in Almaty city.

**2004.** The seventh scientific-bolashaktic novel «Aul had roamed to Sholpan planet» of author's series of scientific-bolashaktic novels under a common name «The nomads of Universe » was published at «Elorda» publishing house in Astana city.

**2005.** Chief editor of scientific and cognitive edition «Sirius» in Astana city.

**2006.** The eighth scientific-bolashaktic novel «The witness to cosmic history» of author's series of scientific-bolashaktic novels under a common name «The nomads of Universe» was published at «Elorda» publishing house in Astana city.

**2008.** The ninth scientific-bolashaktic novel «Melodies of underwater world» of author's series of scientific-bolashaktic novels under a common name «The nomads of Universe» was published at «Folio» publishing house in Astana city.

– The biobibliographical index named «Zhunis Sakhiev» was published by the Central Scientific Library, Ministry of Education and Science of RK.

**2009.** The tenth scientific-bolashaktic novel «At the periphery of triumph» of author's series of scientific-bolashaktic novels under a common name «The nomads of Universe» was published.

**2011.** The eleventh scientific-bolashaktic novel «The flower from the space» of author's series of scientific-bolashaktic novels under a common name «The nomads of Universe» was published.

**2013.** The twelfth scientific-bolashaktic novel «The watchman» of author's series of scientific-bolashaktic novels under a common name «The nomads of universe» was published.

**2014.** In Astana at «Folio» publishing house for the first time in the Kazakh language there was published «Astronomy» encyclopedia by the author-compiler Zhunis Sakurpagy in «The great encyclopedia» series.

### **Titles and awards**

**1990.** For the scientific and research work carried out with the help of telescope «Mitsar» during the great opposition of Mars planet with the Earth and 60 drawings painted with colored pencils, and for effective scientific arguments by recommendations of scientists of the Institute of Astrophysics of Kazakhstan Academy of Sciences, scientists-astronomers of scientific journal «Astronomicheskii vestnik» in Moscow was confirmed a full member of the All-Union Astronomic and Geodesic Society of physical and mathematical department of USSR Academy of Sciences.

**1994.** Rewarded with the Diploma of Laureate of the literature prize of Kazakhstan Union of Writers for the third book «Connect the ring» of author's series of scientific-bolashaktic novels under a common name «The nomads of Universe».

**1995.** Rewarded with the diploma of the Ministry of Culture, Information and Public Consent of the Republic of Kazakhstan for active participation in publishing the encyclopedia «Abay» devoted to 150 years of the great poet.

**2011.** The Diploma of the «Baikonyr» International Prize was given to Zhunis Sakurpagy and cosmic statuette for the

great contribution with the author's serial scientific-bolashaktic novels under a common name «The nomads of Universe» to the development of world scientific and bolashaktic thought at closing of the first International Congress of fiction writers and futurologists taking place at «Nazarbayev University» in Astana city.

**ҚАЗАҚСТАНДА АВТОРЛЫҚ СЕРИЯЛЫ  
ҒЫЛЫМИ-БОЛАШАҚТЫҚ РОМАНДАР  
ЖАЗУДЫ АЛҒАШ БАСТАҒАН ЖАЗУШЫ-  
БОЛАШАҚҒЕР, ҚАЗАҚСТАН ЖАЗУШЫЛАР  
ӘДЕБИ, ХАЛЫҚАРАЛЫҚ «БАЙҚОҢЫР»  
СЫЙЛЫҚТАРЫНЫҢ ЛАУРЕАТЫ, БҰРЫНҒЫ  
КСРО ҒА АСТРОНОМИЯ-ГЕОДЕЗИЯ  
ҚОҒАМЫНЫҢ ТОЛЫҚ МҮШЕСІ ЖҮНІС  
САҚҰРПАҒЫНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ  
ЖӘНЕ ҒЫЛЫМИ ҚЫЗМЕТТЕРІНІҢ  
ҚЫСҚАША ОЧЕРКІ**

Қазақ ғылыми болашақгерлік жанрының ауыр жүгін нардай көтеріп, авторлық сериялы ғылыми-болашақтық романдар жазуды алғаш бастап жазған белгілі жазушы-болашақгер, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі (1991), «Жандос» атындағы әдеби сыйлығының лауреаты (1994), Халықаралық «Байқоңыр» сыйлығының лауреаты (2011) Жүніс Сақұрпағы (Куәлігінде тегі Сахиев деп орысша жазылған) 1950 жылғы Наурыз айының 1-ші жаңа күнінде еліміздің Оңтүстік Қазақстан облысы Бәйдібек ауданына қарасты Алмалы ауылында дүниеге келген.

Ұлты – қазақ. Қазақстан Республикасының төл азаматы. Әкесі Сақтан төрт жасында жетім қалып, анасы Құлханыстың жұлдызды аспан әлемі жайлы айтқан аңыз-өңгімелерін тыңдап өскен ол өзге жұлдыздар жүйесіне ұшып барып келуді армандап өсті. Мектепке бармай тұрған кезінің өзінде-ақ ауылдас достарына жұлдызды әлемдегі қандай да бір ғаламшарға алып Самұрық күспен қалай ұшып барып келгені жөнінде ойынан әңгіме құрап айтып жүрді. 1957 жылы алғашқы Жер серігінің қазақтың қасиетті жері – Жер кіндігі Байқоңырдан ғарыш кеңістігіне ұшып шығып, Ғарыш дәуірінің басталуы, адамзат өкілінің Байқоңырдан тұңғыш рет ғарыш кеңістігіне самғауы оның арманына

канат бітірді. 1960 жылғы Мамыр айында Қазақстанның Оңтүстік өңірінде іс сапарда жүрген ұлы жазушы Мұхтар Омарханұлы Әуезовтің Жүніс туылып өскен ауылы Алмалыдағы оқып жүрген Қаныш Имантайұлы Сәтбаев атындағы қазақ орта мектебінде болуы жазушылыққа бет қоюына үлкен әсерін тигізеді.

1966-1968 жылдары еңбек жолын осы Бәйдібек ауданының орталығы – қала типті Шаян елді-мекеніндегі аудандық байланыс бөлімшесінде телеграфшы болып бастап, радио торабында техник, Қазақстан Республикасы Гидрометеорология қызметінің Шаяндағы ауа райын бақылау-зерттеу стансасында ауа райын бақылап-зерттеуші жұмыстарын қатар атқарды. 1968-1970 жылдары әскер қатарында телеграфшы, қысқа толқындарда жұмыс жасайтын әскери радиостансаларда радист болып ел алдындағы азаматтық, әскери боршын өтеді. 1970 жылы елге оралғаннан кейін аудандық байланыс бөлімшесіндегі телеграфшы, Шаян ауа райын бақылау-зерттеу стансасындағы ауа райын бақылап-зерттеуші жұмыстарын одан әрі жалғастырды. 1971-1972 жылдары Алматы қаласындағы Мақта-мата комбинатының автоматты телефон стансасында электртехник болып жұмыс жасады.

1972–1977 жылдары Әбу Насыр әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің Филология факультетінде оқыды. Университет қабырғасында жүргенде Халық аспаптары оркестрі атанған домбыра оркестрі құрамында күй тартты. Бесінші курсында оркестрге жетекшілік етті. 1977–2007 жылдары «Мектеп» баспасының Тарих және география, Қазақ тілі мен әдебиеті редакцияларында редактор, Қазақстан Республикасы Баспа полиграфия және кітап саудасы істері жөніндегі Мемлекеттік комитетінде аға ғылыми редактор, «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясында Техника және Астрономия ғылыми редакциясының меңгерушісі, Астана қаласындағы «Фолиант»

баспасының бас редакторы, Астана қаласында шығатын «Ел» газеті құрамындағы «Сүмбіле» ғылыми-танымдық басылымының автор-редакторы қызметтерін атқарды.

Жүніс Сақұрпағы 1971 жылдан бері «Кеңістік көшпенділері» деген жалпы айдармен қазақ әдебиетінің ғылыми болашақгерлік жанрында тұңғыш авторлық сериялы ғылыми-болашақтық романдар жазып келеді. Бүгінгі күнге дейін жазып бітірген ғылыми-болашақтық романдарының он екісі: «Тіршілік ұясы» (1983), «Борыш» (1987), «Шеңбердің түйісуі» (1991), «Көктен келген көшпенділер» (1999), «Марстан шыққан жаңғырық» (2002), «Қимайтын өлем» (2003), «Шолпанға көшкен ауыл» (2004), «Космотарих куәсі» (2006), «Су әлемінің саздары» (2008), «Жасампаздық қиырында» (2009), «Ғарыштан келген гүл» (2011), «Күзетші» (2013) ғылыми-болашақтық романдары жеке-жеке кітап болып жарыққа шықты. «Қимайтын өлем» ғылыми-болашақтық романының журналдық нұсқасы қазақ ғылыми болашақгерлік жанры тарихында тұңғыш рет шет ел асып, Шығыс Еуропадағы Чех Республикасының астанасы Прагада «Немезида» ғылыми-көпшілік журналында чех тілінде жарияланды.

Жүніс Сақұрпағы 1989 жылғы Желтоқсан айында Латыш Республикасының астанасы Рига қаласы маңындағы Дубултыда өткен жазушы-болашақгерлердің бүкілодақтық семинарында орыс тіліне ықшам аударылған «Тіршілік ұясы» мен «Соқтығысу» ғылыми-болашақтық романдарының терең ғылыми идеялылығы үшін қазақ жазушы-болашақгерлері ішінде алғаш болып семинар атынан, оның жетекшісі, Ресейдің белгілі жазушы-болашақгері Сергей Снеговтың қолтаңбасымен КСРО Жазушылар одағына мүше болуға кепілдеме алды. Сериясының «Ай әжімі», «Аққулық ару айтқан сыр», «Ақылға келу», «Ақсызат», «Арайлықтар таққан айып», «Ғарыштан келген гүл», «Дабыл», «Жаңбыр жауғанда», «Кеңістіктегі керуен»,

«Қимайтын әлем», «Қолқоржын», «Соқтығысу», «Уақыт қайтарымы», «Ұмыт қалған ғұмыр», «Шолпан таңы атқанша» ғылыми-болашақтық романдарының журналдық нұсқалары «Семей таңы», «Лениншіл жас», «Жас алаш», «Қазақстан пионері», «Ұлан», «Жетісу», «Астана дауысы», «Голос столицы», «Вечерний Алматы», «Өркениет», «Горизонт» газеттері мен «Білім және еңбек», «Зерде», «Простор» журналдарында жарияланды.

Жазушы-болашақгер қазақ ғылыми болашақтық жанры жөнінде мерзімді баспасөз беттерінде «Керуен тізбегі үзілмесін», «Жер астынан ғарышқа...», «Фантастика тынысы», «Қазақ ғылыми фантастикасының батыл болжамдары» Қазақ КСР қысқаша энциклопедиясының қазақ және орыс тілдеріндегі томдарында «Фантастика», «Қазақ әдебиеті» энциклопедиясында «Ғылыми фантастика», «Қазақ ғылыми фантастикасының даму қарқыны», әлем ғылыми фантастикасы жөніндегі «Англия фантастикасы», «Болгария фантастикасы», «Бразилия фантастикасы» мақалалары жарияланды. Қазақ тіліне аударған Астрофизика, Астрономия оқулықтары «Мектеп» баспасынан жарық көріп, оқырманның мол сұранысына ие болды. Жүз мыңнан аса таралыммен бірнеше рет қайта басылды.

Жүніс Сақұрпағы ғылыми болашақгерлік жанрындағы өзінің қарымды қаламгерлік қабілетін республикалық басылымда "Қазақстан пионері" газетінде сол кездері жарияланған "Атлантида жаңғырығы" көп авторлық ғылыми-болашақтық повесть-бурименің өзі "Тұңғиықта" деп атаған бөлімін жариялауымен ерекше байқатқан болатын. 1976 жылы Семейде шығатын облыстық "Семей таңы" газетінің Желтоқсан айындағы екі нөміріне оның "Жаңбыр жауғанда" ғылыми-болашақтық романының журналдық нұсқасы жарияланды. Ал "Білім және еңбек" журналының 1977 жылғы 1-ші нөмірінде жарияланған "Уақыт қайтарымы" ғылыми-болашақтық романының

"Әке өсиеті" делінген ықшам нұсқасы үшін жылдың соңында журнал бетінде жарияланған ғылыми-болашақтық шығармалардың үздігі - лауреаты атанады. "Жаңбыр жауғанда" ғылыми-болашақтық романының журналдық нұсқасы сол 1977 жылы "Жалын" баспасынан жарық көрген "Жібек жел" жазушылар жинағына енді.

Осындай шығармашылық жетістіктерінен кейін Жүніс Сақұрпағы 1971 жылдан өзі бастап жазған авторлық сериялы ғылыми-болашақтық романдарын жеке-жеке кітап етіп шығару жолына түсті.

Қазақ елін құраған ата-бабаларымыздың дүние әлемін тани түсуге жасаған ұлы талпыныстарын тарихтан жақсы білеміз. Қазақ аңыздары мен ертегілеріне мән бере қарасақ, бүгінгі заманғы дамуымыздағы ғылыми жаңалықтардың көптеген элементтерінің сол туындыларда бар екендігіне көз жеткіземіз. Тек олардағы ой мен идеялар қарапайым қиял-ғажайыптық тұрғыда, тек өткен шақта суреттеледі. 1957 жылғы Қазан айының 4 жаңа күнінде қасиетті жеріміздің әлемге әйгілі аймағы – Байқоңырдан Ғарыш эрасы басталды. Сол жылы ұлы ғалым, геолог, фарабитанушы, Қазақстан Ұлттық Ғылым академиясының академигі Ақжан Жақсыбекұлы әл-Машани "Жер астына саяхат" ғылыми-болашақтық романын жарыққа шығарды.

Содан бастап қазақтың аңыз-ертегілері өзінің жолымен, зерттеушілерімен қалып, ғылыми болашақгерлік жанры белең алды. Бір топ жазушы-болашақгерлердің бірді-екілі кітаптары оқырманға жол тартты. Ал сексенінші жылдардың басында қазақ ғылыми болашақгерлік жанрының шаңырағына жазушы-болашақгер Жүніс Сақұрпағының 1971 жылы бастап жазған "Кеңістік көшпенділері" авторлық сериялы ғылыми-болашақтық романдары келді. Серия шығармаларына тоқтамас бұрын мен оның жалпы айдарының не себепті "Кеңістік көшпенділері" аталғанын қысқаша түсіндіре кетейін. Бір кездері өзге бір

ұлттың өкілі "Көшпенділердің ұрпағысың" десе, кәдімгідей намыстанып та қалатынбыз. Бұл – ақиқат. Ал шындығында, уақыт пен тарихтың өзі дәлелдегендей, көшпенділік өмір халқымыздың ұлы табиғатты аялау мен қорғаудағы нағыз дана тәсіл болды. Автор сериясының төртіншісі – «Көктен келген көшпенділер» ғылыми-болашақтық романында айтылатындай, ата-бабаларымыз бір жерді дәл бүгіндегідей таптап, түтіндетіп, газдандырып отыра бермей, қоныс тепкен жері таптала, шөбі қурай, суы лайлана бастағанда екінші жерге қоныс аударып, ол жердің қайта қалпына келуіне мүмкіндік тудырып отырған.

Әлбетте, Жүніс Сақұрпағының сериялы ғылыми-болашақтық романдары тақырыптарының аясы кең. Олардағы оқиғалар Ғалам кеңістіктерінде ғана емес, жер беті, жер асты, су беті, су асты кеңістіктерінде де өтіп жатады. Сондықтан олардың тақырыптары да әралуан, бір бірімен жалғаспайтын жеке-дара дүниелер. Серияның тұңғышы, "Маңызды мақсат", "Ұрпақтармен ұшырасқанда", "Қайтар жолда", "Тірішілік ұясы" делінген ірі-ірі төрт бөлімнен тұратын "Тірішілік ұясы" ғылыми-болашақтық романында қазақ археологтары ежелгі Байқоңыр ғарыш айлағы аймағынан жерге қағылған алты қырлы монумент, оның ішінен ертеректе жұлдызаралық сапарға аттанған ғарышкерлердің бірінің жазып қалдырған жазбасын табады.

Әсет есімді ғарышкер басшылық еткен бір топ ғарышкерлер өзге жұлдыз жүйесіндегі Шұғыла делінген ғаламшарға ұшып барған, ол ғаламшарда Жерімізде Мүз дәуірі болғанға дейін өмір сүрген адамдардың ұрпақтарымен кезіккен. Олардан көптеген ғылыми-тарихи мәліметтер алып, Жерге қайта оралғанда өздері өмір сүрген кездегі адамдардың ұрпақтарының Кит шоқжұлдызындағы тірішілікке қолайлы ғаламшарға көшіп кеткенін біледі. Оған себеп, кезекті Мүз дәуірінің басталуы. Бірақ түгелдей көшпеген. Көш барысында түрлі себептермен Жерде қалып

қойған адамдар қайтадан көбейіп, дамып-жетіле бастаған. Ғарышкерлер тіл айырмашылықтары болғандықтан олармен толыққанды тілдесе алмайды, сол себепті көшкен ұрпақтары жасырып қалдырған хатта айтылған ғаламшарға аттанбаққа жиналады. Ұшар алдында осы оқиға жөнінде жазған жазбаларын алты қырлы монумент ішіне қалдырады. Ғалымдардың тауып алғаны осы еді.

Ғылымда бізден де бұрын дәл бүгінгідей, тіпті, бұдан да дамыған өркениетті елдер болған, ғарыш кеңістігін игерген деген болжамдар аз айтылып жүрген жоқ. Автор ғылыми-болашақтық романында "Жер ғаламша-рымыз ғарыштағы адам баласы дамып-жетіліп, ғарышты игеріп, әр Мұз дәуірі басталар алдында өзге жұлдызды жүйелерге жұлдызаралық кемелерімен ұшып кетіп жататын тірішілік ұясы емес пе екен?" деген ой тастайды. Автордың бұл ғылыми-болашақтық романының журналдық нұсқасы 1979 жылы "Білім және еңбек" ғылыми-көпшілік журналында жарияланды.

Кезінде ұлы ғалым, геолог, фарабитанушы Ақжан Жақсыбекұлы әл-Машани "Жүністі қазақ халқының адамдық рухани қасиеті мен озық ойын халықаралық аренада танытатын жазушы-болашақгер деп білемін" деп бағасы мен батасын берген автор сериясының екіншісі – "Арман сапарында", "Адамзат үшін арпалыста", "Бақытты жолда", "Борыш" делінген төрт бөлімді "Борыш" ғылыми-болашақтық романының ғылыми идеясы да терең.

Әке-шешесінен, шет елде сапарда жүріп, қапылыста болған жеңіл көлік апатынан қаза тапқан сүйген қызы Әйкеннің қайғыларына төзе алмаған Әлімхан есімді ғарышкер өзі сұранып жұлдызаралық сапарға аттанады. Содан, олар Күннің әрбір жарқылынан болатын кедергіден өз осіндегі тәуліктік айналысын тоқтатып, тұрғындарының өмірлеріне қатер тудырған ғаламшарға тап болады. Өздері жұлдызаралық кемеге айналдырып алған "Қазақстан"

астероидымен ғаламшардың шетін соғып, айналу қалпына келтіреді. Осы ерліктері үшін ғаламшар тұрғындары Әлімханға адам баласының өткен өмірін көзге көрсете алатын "Ес" делінетін құрал сыйлайды.

Жерге оралған соң Әлімхан сол құрал арқылы түр-түрпаты, мінез-құлқы мен парасаты, тағдыры әке-шешесіне ұқсайтын кісілер табады. Сөйтіп, оларды келінді ету мақсатында сүйген қызы Әйкен мерт болған шет елге сапар шегеді. Бірақ ол ұзақ ізденісінен нәтиже болмайды. Әйкен көлік апатына ұшыраған жерде зиянды қару сынағы жасалған, топырағы күйіп кеткен. Көңілсіз елге оралған Әлімханның үміті оянады. Ол бір күні Әйкеннің Ақлима есімді құрбысынан аумамайтын қызды кезіктіреді. Құралы арқылы сырласа келе Әйкенінің денесінің дәстүр бойынша елге әкелініп қайта жерленгенін біледі. Әйкенді өз елімізден іздейді, одан аумаған қызды табады. Үйленіп, мақсатына жетеді.

Автордың ғылыми идеясы түсінікті. Адам да, мал да, құс та, жер беті мен судағы тірінің бәрі де топырақ пен судан нәр алады. Зиянды қару сыналып күйіп кеткен топырақта не өспек? Әлімхан сүйген қызын табиғаты таза туған жерден тауып отыр. Ендеше, табиғаты таза болмаған жерде даму да жоқ. Автор тұжырымы осы.

Адам баласының бүгінгі күннің өзінде-ақ табиғат пен техникаға ғана емес, өз тәніне де өзгерістер жасап келе жатқаны бәрімізге жақсы мәлім. Ал оның адам баласының жеке өзіне ғана емес, күллі адам баласының болашағына да залал келтіретініне ой жіберіп көрдік пе? Жүніс Сақұрпағы сериясының үшіншісі - "Шеңберлі аралда", "Даңқ шеңберінде", "Шеңбер ширегінде", "Шеңбердің түйісуі" делінген төрт бөлімді "Шеңбердің түйісуі" ғылыми-болашақтық романы осы көкейкесті мәселені қозғайды. Атлант мұхитындағы жасанды "Атлантида" аралына демалуға барған қазақтың екі жігіті қапелімде

ғылымның мансапқор-қарақшыларының қолына түседі. Қарақшылар жігіттердің өте күрделі есеп шығара алатын қабілеттерін байқаған еді. Даңқтарын асыру мақсатында кұпия зертханаларында екі жігіттің бет-әлпеттерін "Қар адамы" бет-әлпеттеріне келтіреді.

Содан бастап олар әлем елдеріндегі ірі-ірі цирктерде екі жігіттің «Қар адамы» бейнесіндегі өнерлерін көрсетіп, аз уақыттың ішінде даңқ шыңына көтеріледі. Екі жігіттің "Атлантида" жасанды аралында танысқан Қарашаш, Қарлығаш есімді ұнатымды қыздары бар еді. Ғылым қарақшылары өнер сапарлары барысында сол қыздар тұратын, тауға жақын орналасқан қалаға келеді. Цирк ойыны жүріп жатқан мезеттерде екі жігіт қызық көруге келген екі қызды байқап, қатты күйініп, үзіліс сәтінде сыртқа қашып шығып, тау асады. Сол тауда күнелтіп жүріп, шын Қар адамдарымен ұшырасады.

Ғылым қарақшыларының басшысы екі жігітті әуе кемелерінен бақылау арқылы іздеп табады. Тау басында екі жақтың қақтығысы басталады. Қар адамдары екі жігітке көмектеседі. Ғылым қарақшыларының басшысы күзға құлап мерт болады. Ел ғалымдары мен дәрігерлері жігіттерді емдеп, қайта қалыптарына келтіреді. Қар адамдарына үй тұрғызып, жағдай жасайды. Ғылыми-болашақтық роман осындай жағымды оқиғамен аяқталады.

Бұл жабайылықтан арылып, күрделі техниканы игеріп, дамыған, өркениеттенген адам баласының мансапқорлыққа түскен өкілдерінің қателікке ұрынуы салдарынан таудағы Қар адамдарымен жанасуының көрінісі, өмір шеңберінің түйісуі. Ой жіберіп қарасақ, бүгінгі күннің өзінде-ақ адам баласында ерін, қас, кірпік, тырнақ бояп, одан қала бере бет теріні алмастырудың қарқын алып бара жатқанын анық байқаймыз. Автор осы қателікке алаңдайды.

Жүніс Сақұрпағының бұл ғылыми-болашақтық романына 1994 жылғы Қараша айының 30 күнінде, Үнді жазушы-

ларының Қазақстандағы Әдеби күрндерінде, Қазақстан Жазушылар одағының кең залында салтанатты түрде одақтың Жандос атындағы әдеби сыйлығының лауреат дипломы берілді.

Қазақ халқының көшпенділік өмірінің ұлы табиғатты аялау мен қорғаудағы ең дана тәсіл екенін Ғаламдық масштабта көрсететін автор сериясының төртіншісі, "Қазақ жері", "Тарылған табиғат", "Тазарған табиғат", "Жер жайлау" делінген төрт бөлімді "Көктен келген көшпенділер" ғылыми-болашақтық романының мазмұн-идеясы терең. Кезекті еңбек демалысын алған жұлдызшы ғалым Жайлау Жаһангерұлы астанадан өзі туылып өскен ауылындағы ағасының үйіне келеді. Атқа қонып, балалық шақтары өткен Көк жайлауға барады. Оған жақындай бере, аспаннан тап Бикеш шоқ жұлдызындай жарқыраған денелер жасыл жермен жанасып, үлкен киіз үйлі ауылға айналады.

Жайлау ол ауылдың басшыларымен, тұрғындарымен жүздеседі. Көктен келгендер аса дамыған, бір Жұлдызаралды тұтастай мекен еткен көшпенділер. Олар Жер ғаламшарынан осы қазақтың Көкжайлауы таңдаған. Жер ғаламшарының басқа аймақтары, ол аймақтарда тұратын тұрғындардың балалық санаға тән әрекеттері ұнамаған. Сондықтан да олар Жер ғаламшарындағы дамыдық деген елдердегі артық құрылыс атаулыны өздері ойлап тапқан "Тартылыссыз құбыр" арқылы ғарыш кеңістігіне шығаруға кірісіп кетеді. Оларға қарулы елдерде жасалған ешбір оқ та, ең қуатты деген жарылғыш атаулы да дарымайды. Сөйтіп, аз ғана уақыттың ішінде олар күллі Жер шарын жасыл жайлауға айналдырады. Көктен келген көшпенділердің қай қайсысының кеудесінде де Күн жүйемізіндегі Қоңырқай ғаламшар – Сатурнның суретінен аумаған белгі бар. Жайлау Жаһангерұлының бақылап-зерттеп жүргені де сол сақиналы алып ғаламшар болатын.

Оның мәнісін көктен келген көшпенділер: "Бір заманда арғы ата-бабаларымыз осы Жер сияқты ғаламшарда тұрған,

дами келе оның бетін осындай артық құрылыстармен толтырып, ғаламшар тынысын тарылтқан, ақыр соңында оларды "Тартылыссыз құбырымен" ғаламшар төңірегіндегі ғарыш кеңістігіне шығарып жіберіп, өздері өзге ғаламшарға көшкен, содан бастап ол ғаламшар осы Күн жүйесіндегі Қоңырқай ғаламшар – Сатурн сияқты сақиналы ғаламшарға айналған" деп түсіндіреді. Осы ойтұжырымына байланысты, автор Қоңырқай ғаламшарды ғылыми-болашақтық романының өне бойында оқырманның есіне салып отырады.

Күн жүйеміздегі Қызыл ғаламшар – Марстың көлемі жағынан да, өз осінде тәуліктік айналысы мен жыл мезгілдерінің ауысымы жағынан да Жерімізге өте ұқсас білмейтініміз кем де кем. Ал соны Жеріміздей тірішілікті ете аламыз ба? Ол үшін қаншама күш жұмсауымыз керек? Бұл тұста кезінде иен жатқан кең-жазира даламызды дана ата-бабаларымыдың қалай қажырлы еңбекпен қалай гүлдендіріп, сұғанақтаған сырт жаудан ақ білектерінің күшімен, ақ найзаларының ұшымен қорғап, ұрпақтары – бізге аманат етіп қалдырғаны көз алдымызға келеді. Сол даналық, батылдық пен батырлық, қайсарлық пен парасаттылық, өркениеттілік бәріміздің де бойымызға дарыған. Ал бүгіндегі дамыған адам баласының жер таңдауы енді Жер ғаламшарымызбен шектелмек емес. Ғылым қарқын алды, техника күрделенді, қозғалыс жылдамдығы артты. Адам көзі көктегі Айдан бастап, одан әрідегі ғаламшарлар мен жұлдыз аралдарға түсті. Басты мақсат, жаңа ғаламшар табу, оны осы Жерміздей игеру.

Жүніс Сақұрпағы сериясының бесіншісі – «Марстан шыққан жаңғырық» ғылыми-болашақтық романында Қайыргелді бастаған бір топ жас қазақ отбасын Қызыл ғаламшарға қоныстандырады. Олар ауасы мен суы құрғап, топырағы тозған, дүлейлі құмды дауылы басылмаған Қызыл ғаламшарды қазақ жеріне айналдырады. Автор кейіпкерлері

Қызыл ғаламшардың кең даласын ғана емес, күллі Күн жүйеміздегі ғаламшарлар атаулыда жоқ, көлденеңі 600 шақырымға, биіктігі 26 шақырымға жететін ғаламат тау басын бағындырады. Оның сол ең биік төбесіндегі жазыққа қазақтың киіз үйлі үлкен ауылын қоныстандырады.

Қызыл ғаламшардың дүлейлі табиғатымен алыса жүріп, оның тозған топырағына арнайы техникаларымен көң сеуіп, микроорганизмдер жіберіп, тірілтіп, өздері жайлаған қазақ жерін жасыл әлемге айналдырады. Артынша оған сырт көз түседі. Өзге жұлдыз жүйесінің табиғат қаскөйлері "дайын асқа" тап болмаққа әрекет жасайды. Қазақ қаһармандары оларды кейін қайтарады. Бұл оқиғалар ғылыми-болашақтық романның "Екінші Жер", "Екінші өмір", "Екінші атамекен", "Атамекен үшін айқас" бөлімдерінде ғылыми көркем тілмен суреттеледі. Бұл шығармадағы батылдық пен батырлықтың бүгінгі ғана емес, келешек ұрпақтарымыға да үлкен үлгі-өнеге болары сөзсіз.

Автор сериясының «Ғажайып әлем», «Екі түсті әлем», «Ақиқат жолында», "Оянған қабілет" бөлімді алтыншысы – "Қимайтын әлем" ғылыми-болашақтық романының ғылыми түп идеясы түрлі түссіз әлем – мағынасыз әлем дегенге саяды. Күн жүйеміздегі Жер ғаламшарымыздың тұсынан ұшып өтіп бара жатқан өзге жұлдыз жүйесі ғарышкерлерінің жұлдызаралық кемесінен ақау табылып, аз уақытқа қазақ ауылы маңына қонады. Кемедегі ғарышкерлер туылып өскен ғаламшар түрлі түс атаулыдан мақұрым, сұрықсыз еді. Олар дүние есігін ашқалы бері табиғи түрлі түсті көрмеген, арнайы көзілдірік арқылы жасанды түрлі түсті көріп өскен. Ал қазақ ауылы қоныстанған аймақтың табиғаты ғажап! Мұндай жасыл өсімдіктер мен гүлдер жайқалған әлем оларды баурап әкетеді!

Кеме жөнделіп, ұшуға аз уақыт қалғанда, мұндай ғажап әлемнен кеткісі келмеген Батыл есімді ғарышкер кемеден секіре жерге құлайды. Көздері кеміс болғанымен,

оның өте жылдам қозғала алатын қабілеті бар. Соның арқасында Батыл кез келген аң мен құсты оңай ұстап, азық етеді. Ауылға жетіп, білім ордасы – мектепке кіріп, батауыш сыныптарға дәріс беріп жүрген Еңлікгүл есімді мұғалимадан қазақ тілін үйренеді. Батылдың басты арманы көзінің түрлі түсті ешбір арнайы көзілдіріксіз көру қабілетін ояту, табиғаттан тамаша ләззат алу еді. Оқиға күрделене береді. Еңлікгүлді ұнататын Қалыбек есімді жігіт бойын қызғаныш билейді. Ол бірде Батылдың көріністі жасанды түрлі түске бояйтын көзілдірігін құлталқан етеді. Одан болмаған соң арқа тұсынан мылтық оғын атып жаралайды. Бірақ сол кезде жұлдызаралық кемедегі Батылды ұнататын қыз қайта оралып, оны өлімнен құтқарады. Сол қиналған сәтінде Батылдың көзінің табиғи қабілеті оянады. Сол сәттен бастап ғажайып түрлі түсті әлемге қанығады. Ұлы табиғатты қорғау мен аялаудың адам үшін қандай мәнді екенін түсінеді. Екі жұп достасып, екі отбасын құрады.

Автордың бұл ғылыми-болашақтық романының журналдық нұсқасы "Тіршілік" журналында, орыс тіліне аударылып Алматы қалалық "Вечерний Алматы" газеті мен республикалық әдеби "Простор" журналында, одан кейін қазақ ғылыми болашақгерлік жанрында тұңғыш рет чех тіліне аударылып, Чех Республикасының астанасы Прага қаласында шығатын "Немезида" ғылыми-көпшілік журналында жарияланды.

Ойлапқарасақ, түрлі түстен мақұрым қалған ғаламшардың еш қадыр-қасиеті болмайды екен. Адам баласы да, өзге кез келген тірішілік иесі де табиғи ләззатының сексен пайызын түрлі түсті көріністен алады. Одан мақұрым өскен Батыл осындай қадамға барды. Батыл туылып өскен ғалам шартірішілігі жойылып, ақ, қара түспен қалған Ай мен тағы басқа соған ұқсас ғаламшарлар мен серіктерін көз алдымызға елестетеді. Ендеше, өмірден толыққанды ләззат алу үшін қашан да ұлы табиғатты бүлдірмей, тоздырмай әдемі қалпында сақтауымыз керек!

Жүніс Сақұрпағы сериясының жетіншісі – "Аптапты аймақта", "Іздеу сапарында", "Дүниенің көзі", "Шолпанға көшкен ауыл" бөлімді "Шолпанға көшкен ауыл" ғылыми-болашақтық романында айтылған ғылыми идеяның бүгінде Австралия университеті ғалымдарының зертханалық тәжірибеден өткізіп үлгергенінен пікірімді бастағым келеді. Оны 2002 жылы "Қазақстан" телеарнасы мен сол кездегі "ОРТ" телеарнасынан естідік, бәріміз де көрдік.

Ғылыми-болашақтық романның оқиғасы қазақтың Абзал есімді жігіті мен Шолпан есімді қызының арасындағы пәк сезімді махаббаты арқылы өрбиді. Шолпан ғаламшарын зерттеуші қазақ ғалымдарының құрамында жүрген қазақ қызы Шолпан кездейсоқ адасып, Жерден Шолпанға көшіп қоныс тепкен ауылға тап болып, Абзалмен танысады. Ол сүйген қызын жанына жақын алуы үшін жарық сәулесін жұтқыш ғаламат жүйені пайдаланып, Жердегі Шолпанның ауылын түгелдей Шолпандағы өз ауылының жанына көшіріп қоныстандырады. Үйленіп, бақытына, мұрат-мақсатына жетеді.

Бұл ғылыми-болашақтық романның журналдық нұсқасы "Қазақ әдебиеті" газетінде жарияланды, ал 2004 жылы Астанадағы мемлекеттік "Елорда" баспасынан мемлекеттік тапсырыспен кітап болып жарық көрді, Қазақстан Жазушылар одағының әдеби жылдық қорытындысында арнайы атап айтылды. Мерзімді баспасөзде көптеген жақсы пікірлі мақалалар жарияланды.

Күн жүйеміздегі ғаламшарлар мен олардың серіктерінің беттеріне, осы өзіміздің Жерімізге, Жерімізден Айға, Айдан Жерімізге, Жерімізден Қызыл ғаламшарға, Қызыл ғаламшардан Жерімізге кеңістіктен ірілі-ұсақты аспан тастарының алмасып түсіп жататынын көп біле бермейміз. Тек 1995 жылы Күн жүйеміздің ең алып ғаламшары - Асқақ ғаламшар – Юпитерге жиырма бір бөлікке бөлінген құйрықты жұлдыздың соқтығысуының куәгері болдық.

Сөзімді бұлай бастап отырғаным, Жүніс Сақұрпағы сериясының сегізіншісі – "Құпиясы мол қойнау", "Мүз құрсақтағы алып мүсін", "Ғасырлар қойнауынан жеткен үн", "Космотарих куәсі" бөлімді "Космотарих куәсі" ғылыми-болашақтық романының түп ғылыми идеясы осындай құбылыстардан туындаған. Айдың Күн сәулесі ешқашан түспейтін бүйіріндегі мәңгілік мүз-тонды арнайы қуатты техникалармен аршып жатқан қазақтың бір топ ғалымы күтпеген жерден алып динозаврдың мүз болып қатқан денесіне тап болады. Оны Айдағы "Қазақстан" базасындағы тоңазытқышы бар қоймаға әкеледі. Айдың Күн сәулесі түсетін жағы өте ыстық келетін Сондықтан тоңазытқыш үнемі жұмыс жасауға тиісті. Бірақ, техниканың аты – техника. Бірде ұзақ жұмысқа шыдамаған тоңазытқыш істен шығады.

Артынша қойма іші жылып, алып динозаврдың тұла бойы жіпсіп, ол қозғала бастайды. Ғалымдар қатты өбіржиді. Айда оттегі де, су мен азық-түлік те есептеулі. Динозаврды тірі алып қалу үшін ғалымдар арнайы үлкен ғарыш кемесімен Жерге, елге жеткізіп, Хайуанаттар бағына жеткізеді. Динозавр аяғына тұрады. Есеналы бастаған қазақ ғалымдары динозаврдың ми қыртысында сақталып қалған сол заманындағы көріністерді көзі арқылы алып, күрделі құралдармен үлкен экранға түсіріп көру ісіне кірісіп кетеді. Артынша динозаврдың сол замандағы тіршілік әрекеттері экранда пайда болады. Бірақ ол кенеттен аспаннан нөсерлей жауған ірілі-ұсақты аспан тастарынан қорқып қашып барып бір шағын үңгіртасқа тығылады. Сол кезде аспаннан ұшып келген үлкен бір тас дәл сол шағын үңгіртастың жанына түседі де, одан болған қуатты қопарылыстан үңгіртас ішіндегі динозаврымен бірге аспанға қарай атылады.

Бұл табиғи-тарихи көрініс ғалымдарды елең еткізген еді. Бірақ көп кешікпей динозавр ауырып, жағдайы күн санап ауырлай береді. Ғалымдар мен мал дәрігерлері бар

күштерін салып, қолда бар жақсы дәрілермен емдейді. Нәтиже шықпаған сон алыптың организміндегі өзгерістерді арнайы компьютерлік жүйелермен экранға шығару арқылы тексереді. Соңында алып динозавр Жерге аспаннан келіп түскен тастарда болған радиациядан залалданып, жазылмайтын сырқатқа ұшыраған болып шығады.

Ғылыми-болашақтық роман осылай аяқталады. Бұдан «Күн жүйемізде оныншы ғаламшар болған. Оның өркениетті тұрғындары аса қуатты қарулар жасап, оқыс жағдайда ғаламшарларын жарып алған. Оның Жерге ұшып жеткен радиациялы жарықшақтары тып-тыныш, бейқам тірішілік етіп жүрген динозаврларды жойған» деген ғылыми негізді тұжырым туады. Оқырман ғылымдағы "Күн жүйесіндегі оныншы ғаламшар қайда кеткен?", "Жеріміздегі бір заманда дәурен кешкен алып динозаврлар неден жойылған?" деген сұрақтарына осындай жауап алады. Ал автордың негізгі айтпағы, қару күшін еселей берудің соңының ғаламшардың өзін жанғақтай қак жаруға апаратынын еске салу.

Сериясының тоғызыншысы – "Тұңғиықтағы таңғажайыптар", "Сезім сиқырлары", "Су астының патшанымы", "Су әлемінің саздары" бөлімді "Су әлемінің саздары" ғылыми-болашақтық романы. Оқиғалары жер беті мен су тереңіндегі сүңгуір кеме ішінде өтеді. Бас кейіпкер Айдынбек бастаған мұхитшы ғалымдар тобы су тереңін зерттеу барысында бөтен сүңгуір кемені байқайды. Оның ізіне түседі. Бірде кеме ішінде қыз бейнелі сәуле пайда болады да, артынша шын қызға айналады.

Айдынбек те, өзге ғалымдар да су тереңін зерттеп жүрсе де, қолдарынан қазақтың қасиетті домбырасы мен қобызын тастаған емес. Әлгі қыз сол әуенді өз кемесінен арнайы телебайланыс жүйелері арқылы естіп-көріп, қатты әсер алып келген еді. Қыздың Айдынбекке деген махаббат сезімі оянады. Айдынбектің де қызға көңілі ауып, бойын күдіреті күшті бір сезім билейді. Оның елдегі үйінде көп жылдан

бері бірге тұратын Раушанға мұндай сезімі оянбаған еді.

Айдынбек ол қызды үйіне әкеледі. Раушан үшеуі бірге тұрады. Бірақ қыз Айдынбек пен Раушан арасындағы реніш жиілеген соң қайтадан мұхит тереңіне кетеді. Айдынбек оны іздеп табады. Екеуі су тереңіндегі кеме ішінде сырласады. Қыз өзімен қатарлас бірнеше ғарышкер жігіттермен бірге өзге жұлдыз жүйесінен Жерді, мұхитты зерттеуге келген. Жігіттері әуенге деген сезімнен мақұрым. Тек бағдарламамен жұмыс жасайтын темір тұлғаларға ұқсап кеткен. Ол қасиеттері қызға ұнамайды. Қыз бір кездері Жерден сол жұлдыз жүйесіндегі ғаламшарға аттанып, сонда қалып қойған қазақ ғарышкерінің ұрпағы еді. Өзі келген ғаламшарда жалған махаббат сезіміне жол жоқ. «Пәк сезім» суын ішіп, алғашқы неке түнінде жалған ғашықтық сезімде болғаны табиғи реакциядан таңға жетпей дүние салмақ. Айдынбек те, өзі Сәуле деп атап кеткен қыз да махаббат сезімдерінің пәктігінен дін аман таңға жетеді. Екеуі ұлды болады. Раушан өзінің бұрыннан білетін бір жігітіне тұрмысқа шығады.

Ғылыми-болашақтық романның оқиғасы осылай өрбіп, осылай аяқталғанымен, түпкі ғылыми идеясы халқымыздың демографиялық дамуына қатысты көкейкесті мәселені қозғайды. Бүгінгі күні таяу, алыс шетел жастарына еліктеп аз уақыттың ішінде "ыстық махаббатқа" беріліп, отбасын құрап, бір-екі перзентті болған соң екіге жарылатын жастар аз емес. Ал автор айтып отырған өзге жұлдыз жүйесіндегі ғаламшар ғалымдары жастарға "Пәк сезім" суын ішкізіп, пәк сезім дарытқан. Соны ұстанады, ұстанбағаны алғашқы неке түнінен тірі шықпайды. "Біз де сондай "Пәк сезім" суы болып жастарға пәк сезім дарытылса ғой, қазақ ұрпағы қашан да таза қанды, бақытты, ғұмырлы ұрпақ болып дами берер еді" деген жақсы ой келеді.

Жарық дүние әлемін тұтастай бір Ғалам деп танимыз. Ал Ғаламда қозғалыстары мен құбылыстары әралуан

мың-сан жеке жұлдыздар, жұлдыз жүйелері, шоғырлары мен Жұлдызаралдары бар. Күн жүйеміз солардың бірі. Ал зерделеп қарасақ, Күн жүйеміздегі аспан денелерінің қозғалыстары да әрқалай. Жеріміз өз осінде батыстан шығысқа қарай айналса, Шолпан мен Плутон ғаламшарлары шығыстан батысқа қарай айналады. Әрбір ғаламшардың өз осіндегі тәуіліктік айналысы мен Күнді айналу мерзімі де әртүрлі. Ғалам кеңістігінде ішкі энергиясы сарқылған жұлдыз сығылып, "Қара ойдымға" айналып жатады. Ғалымдардың болжамдарынша, Ғалам Үлкен Жарылыстан бері үнемі ұлғайып келеді. Ал егер осы құбылыс кері өтсе ше?

Жүніс Сақұрпағы сериясының оныншысы – "Жұлдызды әлем жолында", "Кіші әлем кеңістігінде", "Ғаламшардағы ғаламаттар", "Соңғы аялдама" бөлімді "Жасампаздық қиырында" ғылыми-болашақтық романының ғылыми идеясы осындай жағдай туғанда да адам баласының жасампаз бола беретініне көз жеткізу. Тәкен басшылық жасайтын бір топ қазақ ғарышкерлері саналы туыстар табу мақсатында алапат жұлдызаралық кемемен Егіздер шоқжұлдызына сапар шегеді. Сапар барысында олар сығылған жұлдыз жүйесіне тап болады. Алапат кеме қозғалысынан жүйедегі тартылыс теңдігі бұзылады. Кеменің жүйеден қайта шығып кетуі қиындайды. Оларға жүйедегі ең үлкен ғаламшар елінің тұрғындары қол ұшын береді.

Өз қалыптарына келген соң қазақ ғарышкерлері жақсылыққа жақсылық жасайды. Алапат кеме орнын толықтыру, тартлыс теңдігін реттеу үшін сырттан шағын ғаламшарды кемеге тіркеп әкеледі. Бірақ ол шағын дене орталық жұлдыздың тартылыс өрісіне төтеп бере алмай, онымен соқтығысады. Жұлдыз қойнауында жарылыс туындайды. Ол жарылыс сығылған жүйе мен ғаламшарлардың қайта ұлғаюына түрткі болады. Орталық жұлдыз қалпына келіп, кәдімгі өмір жалғасын табады. Шығарма осындай сәтті оқиғамен аяқталады. Бұдан бізге «Адам баласы дүние

әлемінен ешқашан да жойылмайды, адамзат – жасампаз» деген сенімді ой туады бәрімізге.

Дүние әлемі сәнінің гүл екені бәрімізге жақсы белгілі. Қуанышты күндерде бір бірімізге гүл сыйлаймыз. Ал бір біріне ғашық екі жастың махаббат сезіміне гүл болса да ерекше дәнекер. Ғылыми зерттеулер гүлдердің адамның көңіл-күйін, әрекетін жақсы сезінеді деп болжайды. Жер бетінде өзін өзі қорғай алатын өсімдіктер мен гүлді өсімдіктер аз емес. Жүніс Сақұрпағы сериясының он біріншісі – "Оралу", "Ізденіс жолында", "Қайта табысар жолда", "Табысқан жұптар" бөлімді "Ғарыштан келген гүл" ғылыми-болашақтық романы гүл қабілетінің біз көріп жүргеннен де жоғары бола алатынын ғылыми тұрғыдан көрсетуге негізделген.

Мерген есімді ғарышкер басшылық ететін бір топ ғарышкерлер жұлдызаралық кемесін гүлдермен көмкерілген ғажайып ғаламшарға қондырады. Биолог Гүлжан сол гүлдердің бір-екі талын кемеге алмақ болғанда, Мерген топ басшысы ретінде рұқсат етпейді. Гүлжанның Мергенге деген махаббат сезіміне сызат түскендей болады. Оны сезіп, өзін күнәлі санаған қозғалғыш гүл кеме ұшар кезде оның тіреу табаны, қабырғасымен өрмелеп, жабылып үлгермеген терезеден ішке енеді. Жасырын түрде Жерге жетеді. Бірақ алыс жұлдызаралық сапардан оралған кемеңіз үшін тазалаушылар Мергеннің рұқсатымен гүлді қоқысқа тастайды. Саналы гүл екі жасты табыстыру жолында көп қиындықты басынан кешеді, таяқ, таспен де соғылады. Сонда да қайсар гүл Мерген мен Гүлжанды қайта табыстырып, дегеніне жетеді. Шығарманың қысқа мазмұны осындай.

Бұдан қорытатынымыз, биосферамыздағы күллі тіршілік әрекеттері бір бірімен сыбайласып жатады. Егер қандай да бір тіршілік иесінің бойына саналы қабілет дарыса, ол ғарыш гүліндей адами әрекетке көшеді. Ал адамға да, өзгеге

де қамқорлық пен үйрету ісі дұрыс жолға қойылғанда оның тірішілікке деген әрекеті мен қабілеті артады. Адам қолымен үйретілген жануарлар, жыртқыштар мен құстар небір таңданаларлық істерді атқарады. Ең қарапайым деген Шырмауықтың мұртын саусағымызға жанастырсақ, ол көз алдымызда оған орала бастайды. Адам немесе жануар жанап кеткенде, тарс еткен дыбыс шығарып, бойынан сұйық шашатын өсімдіктер жер бетінде бар.

Жазушы-болашақгер өсімдіктердің осындай қабілеттерін бір ғажайып гүлдің бойына жинап, екі ғашықтың қайта табысуына дәнекер еткен. Бұл ғылыми идея гүлге тек гүл деп қарамай, қашан да махаббат пен достық, сыйластық сезімінің символы деп қарауымыз керек дегенге саяды.

Автордың "Күзетші" ғылыми-болашақтық романы алыстағы емес, өзіміздің көз алдымыздағы Ай ғаламшары құпиясына арналған. Айға ғарышкерлеріміз барып келсе де, оның құпия-сыры әлі көп. Ғылымда: "Ай Жерден бөлініп шыққан бөлік", "Ай жұлдызды әлем кеңістігінен келіп, Жердің тартылыс өрісіне іліккен аспан денесі", "Ай қандай да бір өркениетті адамдардың Жерімізді, бізді бақылап, күзетіп, айнала қозғалып жүретін құпия жасанды аспан денесі", "Ай бір кездері саналы адам баласы мекен еткен, өркениеттіліктен кеткен қателіктен түгелдей күйіп, осындай күйге жеткен аспан денесі" сияқты болжамдар бар.

Мұндай болжамдардың мәнісін Жерімізден жұлдызаралық кемемен аттанып, өзге жұлдыз жүйесіндегі бір ғаламшардың дәл Ай сияқты күзетшісіне тап болған қазақ ғарышкерлері түсінеді. Шығарманың ғылыми идеясы адам баласының Айға о заманнан ерекше назар аударуының бекер емес екендігін сезіндіреді. Ендеше, Жерімізге ғана емес, көктегі Айға да осы бастан қамқор болуымыз қажет екен.

Жүніс Сақұрпағы авторлық «Кеңістік көшпенділері» сериялы ғылыми – болашақтық романдарының қай қайсысында да адам баласы өмір сүре алатын ғаламшарлар мен құпиясы мол өзге жұлдыз жүйелері, жұлдыз аралдар мен

жеке ғаламшарға сапар шеккен ғарышкер кейіпкерлерінің бастарынан кешірген шым-шытырық оқиғалары мен тағдырлары арқылы ұлы табиғатты қорғау мен аялаудың небір көкейкесті мәселелерін қозғайды. Ол арқылы адамзат қоғамының болашағын суреттей отырып, дүние әлемін танып білудегі саналы да білімді адам баласы әрекеттерінің жоғары өркениетті үлгісін зейіні зерек оқырман алдына жайып салады.

Жүніс Сақұрпағының "Кеңістік көшпенділері" авторлық сериялы ғылыми-болашақтық романдарының қысқаша мен талдаған он екісі еліміз баспаларынан жеке-жеке кітап болып жарық көргендері. Жеке қорында жариялануын күтіп жатқан жетпіс бесін толығымен талдасам үлкен монографиялық дүниеге айналар еді. Олардың жарық көруі болса да алдағы уақыттың үлесінде. Бүгінгі компьютерленген қоғамда қазақ әдебиетінде үлкен бетбұрыс тудырған бұл авторлық сериялы ғылыми-болашақтық романдарын кітап етіп басып шығару ештеме де емес. Жүніс Сақұрпағы біздің Жюль Верніміз. Француз жазушысы «Ғылыми-саяхаттық» романдар сериясын жазды. Бірақ оның грифінің орысша аудармасы гректің «phantastike» сөзінен алынған «фантастика», «ғылыми фантастика» терминдеріне айналып, Кеңес Одағы кеңістігіне тарап кеткені белгілі. Ана тіліміз – қазақ тілімізді қастерлесек, осындай негізсіз терминдерден тазаратын күніміз әлдеқашан жетті.

Жүніс Сақұрпағы қыруар шығармалар жазумен қатар жұлдызды әлемді бақылап-зерттеуін де жалғастырып келеді. Ол сонау студент кезінің өзінде стипендиясын жинап, отыз бен алпыс есеге жақындататын БҚ-457 бақылау құралын сатып алып, 1975 жылы жаз айында болып өткен Айдың толық тұтылуына бақылау-зерттеу жұмыстарын жүргізген. Ол еңбегінің орыс тіліне аударылған нұсқас келесі 1976 жылы Мәскеу қаласында шығатын әлем оқырмандарына танымал ғылыми-көпшілік «Земля и

Вселенная» журналының 3-ші нөмірінде жарияланған. Ал 1987 жылы авторлық сериясының екіншісі – «Борыш» ғылыми-болашақтық романы жарық көргеннен кейін арабша «Мицар» (Қазақша «Жігіт») деп аталынатын жақындату-ұлғайту күші 170 еселік сыңардүрбіге қолы жетеді. Қызыл ғаламшардың Жерімізге ұлы қарсы тұрған 1988 жылдың Қыркүйек айында сол «Мицармен» Алатау баурайындағы саябағынан Қызыл ғаламшарға бақылау-зерттеу жұмыстарын жүргізді. Түрлі-түсті шыны сүзгілерін қолдану арқылы бақылау барысында қарындашпен ақ қағазға оның өз көзімен көрген алпыс суретін салады, әрбір суреттің астына байқағандарына сай түсіндірмелер жазады. Оны Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясы Астрофизика ғылыми-зерттеу институты мен орыс тіліне аударылған нұсқасын Мәскеуде шығатын «Астрономический вестник» ғылыми-көпшілік журналына жібереді.

Көп кешікпей Жүніске "Астрономический вестник" журналдың жауапты хатшысы, белгілі астроном И. Т. Зоткиннен арнайы хат келеді. Сонда жазылған ұсыныс-кепілдеме бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясы Астрофизика институтының ғалымдары Жүніс Сақұрпағын 1990 жылғы Қаңтар айында КСРО Ғылым академиясы Физика-математика Бөлімі құрамындағы Бүкілодақтық Астрономия-геодезия қоғамына толық мүше етіп алады. Жүністің Күн мен Ай тұтылуларына, Шолпан ғаламшарына жүргізген ғылыми бақылау еңбектері көп.

Бір сөзбен айтқанда, Жүніс әдебиет пен ғылымды қатар игерген ерекше талант иесі. Ол авторлық "Кеңістік көшпенділері" сериялы ғылыми-болашақтық романдар жазумен, жұлдызды әлемді бақылап-зерттеумен бірге жалпы ғылым жетістіктері хақында да қыруар ғылымтанымдық мақалалар жариялап келеді. Оның 1994 жылғы Шілде айында Жер шары халқын елендеткен аспан оқиғасы - Құйрықты жұлдыздың Күн жүйеміздегі ең алып Асқақ

ғаламшар – Юпитермен соқтығысуы жөніндегі «Халық кеңесі» газетінде жарияланған «Жұлдыздар соқтығысы» мен ол оқиғаның барысы жайлы «Вечерний Алматы» газетінде орыс тіліне аударылып басылған мақалалары қалың оқырман көңілінен шықты.

Орыс астроном ғалымдары М. М. Дагаев пен В. М. Чаругиннің «Астрофизика» оқулығы сол 1994 жылы «Рауан» («Мектеп») баспасынан жарық көріп, оқырман сұранысымен 105000 таралыммен 1995, 1999, 2002 жылдары үш қайтара басылды. Жазушы-болашақгердің одан кейін қазақшалаған, 1998 жылы сол «Рауан» баспасынан жарық көрген Е. П. Левитанның «Астрономия» оқулығы да оқырманның сүйікті кітабына айналды. Еліміздің аға газеті «Егемен Қазақстан» газетінің 2006 жылғы Маусым айының 28 жаңа күніндегі нөмірінде грек философы Платонның аты аңызға айналған Атлантида өркениеті мен оның бір түн ішінде суға батып, ізім-ғайым болғаны жөнінде жазған «Тимэй» және «Критий» жазбалары тұңғыш рет Жүніс Сақұрпағының қазақшалауымен жарық көрді. Жүніс Сақұрпағы ана тілімізде тұңғыш жазған «Астрономия» энциклопедиясы 2014 жылы Астанадағы «Фолиант» баспасынан «Үлкен энциклопедия» сериясымен жарық көрді. Астанадағы Жаңа Оқушылар Сарайының Планетарийінде өткен энциклопедияның тұсаукесеріне қазақтың ғана емес, күллі түркі елінің тұңғыш ғарышкері, Халық қаһарманы, Кеңес Одағының Батыры Тоқтар Оңғарбайұлы Әубәкіров қатысып, жақсы пікірлерін айтты. Ол жөнінде «Қазақстан», «Білім және мәдениет», тағы басқа телеарналардан көрсетілді, қазақ тілінде облыстық «Оңтүстік Қазақстан», қалалық «Алматы ақшамы», орыс тілінде «Казахстанская правда», «Вечерний Астана», «Вечерний Алматы» газеттерінде көлемді суретті мақалалар жарияланды.

2008 және 2010 жылы Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясы мен Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Орталық ғылыми кітапханасы 2008 шығармашылық және ғылыми-танымдық еңбектері жинақталған «Жүніс Сахиев» библиографиялық көрсеткішін қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде басып шығарды. Жүніс Сақұрпағының шығармашылық өмірбаяны «Элита Қазақстана» (Алматы: Институт Развития, 1997.), «Қазақ әдебиеті» энциклопедиясына. (Алматы: Даму институты, 1999.), он сегіз томдық «Беларуская энциклопедиясының он төртінші томына» (Мінск, 2002.), «Ұлы дала» тарихи-ғұбаттық шежіре кітабына (Астана: «Фолиант», 2002.), «Жазушылар әлемі» фотоальбомына (Алматы: Интерпринт, 2003.), «Қазақстан Жазушылары. XX ғасыр» энциклопедиялық анықтамалығына (Алматы: «Ана тілі», 2004.), «Қазақстан жазушылары» энциклопедиялық анықтамалығына (Алматы: «Ан Арыс» баспасы, 2009.), «Әдеби өмір шежіресі» энциклопедиялық томына (Алматы: «Ан Арыс», баспасы, 2009.) он томдық «Қазақстан» ұлттық энциклопедиясының қазақ тіліндегі жетінші (2005), орыс тіліндегі төртінші томдарына (2006), «Летопись Астаны» фотосуретті кітабына (Астана, 2006), он томдық «Қазақ әдебиеті тарихының» оныншы томына (Алматы: ҚазАқпарат, 2006.) және «Астана» энциклопедиясының қазақ және орыс тілдеріндегі томдарына (2008) енген.

2001 жылы Мамыр айында Қазақстан Республикасы Ұлттық кітапханасында қазақ ғылыми болашақгерлік жанры тарихында тұңғыш рет және 2011 жылғы Наурыз айында Жүніс Сақұрпағының өмірі мен авторлық сериялы ғылыми-болашақтық романдары, ғылыми-танымдық еңбектеріне арналған «Ғылыми болашақгерлік жанрына жол ашқан» шығармашылық көрме жұмыс жасады. 2010

жылы Қазақстанның облыс орталықтары: Шымкенттің әмбебап ғылыми кітапханасында «Жұлдыздардан сыр тартқан» атты шығармашылық көрмесі мен «Жұлдызды жол» шығармашылық кеші, Ақтөбе облыстық әмбебап кітапханасында «Жазушы-болашақгер Жүніс Сақұрпағы» шығармашылық көрмесі мен оқырмандармен кездесу кеші, Алматы қалалық кітапханада «Қазақ ғылыми болашақгерлік жанры әлемі» шығармашылық көрмесі мен оқырмандармен кездесу кештері, сондай-ақ Атырау, Қостанай, Орал, Петропавл, Семей, Тараз, Қызылорда қалаларында, 2003 жылғы Сәуір айының 15,16,17-сі күндері Созақ ауданының орталығы Шолаққорғандағы аудан орталығындағы кітапханада «Жазушы-болашақгер» тақырыбында аудан оқырмандарымен кездесу ұйымдастырылып, «Жазушының жұлдызды әлемі» атты көрме, Түркістан қаласында «Жазушы болашақгер Жүніс Сақұрпағы арамызда», «Ғылымның алдын болжаған» тақырыбындағы көрме, Бәйдібек ауданының орталығы Шаяндағы орталық кітапханада «Жерлесіміз Жүніс Сақұрпағы авторлық сериялы ғылыми-болашақтық романдар жазудың көш басшысы» тақырыбы бойынша кездесу кештері болып, кітап көрмелері қойылды.

2011 жылы Қараша айының 30 күні мен Желтоқсан айының 1-2 күндерінде Астанадағы Назарбаев университетінде қазақ ғылыми болашақгерлік жанры тарихында тұңғыш рет болып өткен жазушы-болашақгерлердің Бірінші Конгресінде Жүніс Сақұрпағына авторлық «Кеңістік көшпенділері» сериялы ғылыми-болшақтық романдарымен әлемдік ғылыми болашақгерлік жанрының дамуына қосқан мол үлесі үшін Халықаралық «Байқоңыр» сыйлығының лауреаттық дипломы берілді.

Жүніс Сақұрпағының авторлық «Кеңістік көшпенділері» сериялы ғылыми-болашақтық романдарының әрбірі ғылыми ізденістері мен жұлдызды әлемді өз көзімен бақылап-зерттеп, адамзат келешегін ішкі жан-дүниесімен

сезінуінен лек-легімен туындап жатады. Шығармашылық әлемі мен ғылым әлемін астастыра, қабыстыра білетін ерекше талант иесі Жүніс Сақұрпағының шығармашылық қысқа очеркі осындай.

**ӘБДІРАМАН ШӘМШИДЕН,**  
*педагогика ғылымының докторы, профессор*

**КРАТКИЙ ОЧЕРК ТВОРЧЕСКОЙ И НАУЧНОЙ  
ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ПИСАТЕЛЯ-БОЛАШАКГЕРА,  
РОДОНАЧАЛЬНИКА СЕРИЙНЫХ НАУЧНО-  
БОЛАШАКСКИХ РОМАНОВ В КАЗАХСТАНЕ,  
ЛАУРЕАТА ЛИТЕРАТУРНОЙ ПРЕМИИ СОЮЗА  
ПИСАТЕЛЕЙ КАЗАХСТАНА, ЛАУРЕАТА  
МЕЖДУНАРОДНОЙ ПРЕМИИ «БАЙҚОҢЫР»,  
ДЕЙСТВИТЕЛЬНОГО ЧЛЕНА АСТРОНОМО-  
ГЕОДЕЗИЧЕСКОГО ОБЩЕСТВА АН СССР  
ЖУНИСА САХИЕВА**

Широкой читательской аудитории известно имя казахского писателя-болашакгера<sup>2</sup>, родоначальника авторских серийных научно-болашакских романов в Казахстане под общим названием «Кеңістік көшпенділері» – «Кочевники Вселенной», лауреата премии Союза писателей Казахстана (1994), Международной премии «Байқоңыр» (2011), действительного члена Всесоюзного Астрономо-геодезического общества Академии наук бывшего СССР (1990) Жуниса Сахиева

Жунис Сахиев родился 1 Марта 1950 года в ауле Алмалы Байдибекского района Южно-Казахстанской области. С четырех лет рос без отца, мечтал о полете человека к другим звездным мирам, слушая от матери Кулханым легенды о звездном небе. Еще до школьной скамьи он рассказывал своим друзьям-односельчанам о будущем полете человека к звездам.

Начало космической эры (1957), полет первого человека в околоземное космическое пространство (1961) вдохновили его. А приезд казахского великого писателя Мухтара Омархановича Ауэзова в 1960 году в его аул Алмалы Байдибекского района Южно-Казахстанской области

---

<sup>2</sup> Писатель болашакгер – писатель, пишущий романы о будущем на научной основе.

стал главным толчком его писательской деятельности. По окончании казахской средней школы имени К.И. Сатпаева в 1966-1972 годы работал телеграфистом в районном центре Чаян в отделении связи, в армии – радистом коротковолновых радиостанций, в одной из АТС г. Алматы – электротехником. Работая в отрасли связи, Жунис Сахиев опубликовал свои первые научно-болашакские произведения в районной газете «Алғабас», республиканском научно-познавательном журнале «Білім және еңбек», «Қазақстан пионері» и других периодических изданиях. В 1971 году он приехал в Алматы, работал на одной из АТС города и учился на вечерних платных курсах. В 1972 году он поступил на филологический факультет Казахского Национального университета имени Абу Насыр аль-Фараби и закончил его в 1977.

В 1977-2007 гг. Жунис Сахиев работал редактором разделов истории и географии и казахского языка и литературы издательства «Мектеп», старшим научный редактором в Государственном комитете по делам издательства, полиграфии и книжной торговли Республики Казахстан, заведующим научно-редакционным отделом Техники и астрономии Главной редакции «Қазақ энциклопедиясы», главным редактором издательства «Фолиант», главным редактором-автором научно-познавательного издания «Сұмбіле» – «Сириус» г. Астаны.

С 1971 года Жунис Сахиев первым в Казахстане в научно-болашакском<sup>3</sup> жанре начал писать авторские серийные научно-болашакские романы под общим названием «Кеністік көшпенділері» – «Кочевники Вселенной». На сегодняшний день в рамках серийных научно-болашакских романов, написанных им, изданы серии отдельных книг, которые стали достоянием многомиллионной читательской аудитории.

---

<sup>3</sup> научно-болашакский – болашак, имеющий смысл грядущий, не переводится на другие языки)

Свою творческую силу Жунис Сахиев проявил в третьей части научно-болашакской повести-буриме «Атлантида жаңғырығы» - «Эхо Атлантиды» под названием «Түнғиықта» – «В глубине», опубликованной в республиканской газете «Қазақстан пионері». В 1976 году в двух номерах областной газеты «Семей таңы» был опубликован журнальный вариант его научно-болашакского романа «Жаңбыр жауғанда» – «Когда пойдет дождь», а в 1977 году в первом номере журнала «Білім және еңбек» журнальный вариант научно-болашакского романа «Уақыт қайтарымы» – «Ответ времени» под названием «Әке өсиеті» - «Заветы отца» из его серии научно-болашакских романов под общим названием «Кеңістік көшпенділері» – «Кочевники Вселенной». За это получил звание лауреата премии этого журнала в 1977 году. В этом же году журнальный вариант его научно-болашакского романа «Жаңбыр жауғанда» – «Когда пойдет дождь» был включен в сборник писателей «Жібек жел» – «Свежий ветер».

В 1983 году в издательстве «Жалын» вышел в свет его первый научно-болашакский роман из авторской серии научно-болашакских романов «Тірішілік ұясы» – «Гнездо жизни». Он состоит из четырех частей под названиями «Маңызды мақсат» – «Важная цель», «Ұрпақтармен ұшырасқанда» – «Встреча с поколениями», «Қайтар жолда» – «На обратной дороге» и «Тірішілік ұясы» - «Гнездо жизни». В этом романе автор научно обосновывает мысль о том, что наша обитаемая Земля является гнездом жизни, где люди живут, цивилизуются, покоряют космическое пространство, находят другие звездные системы, обитаемые планеты и перед каждым началом Ледникового периода покидают Землю.

Второй научно-болашакский роман «Борыш» – «Долг» вышел в свет в 1987 году в издательстве «Жалын» с предисловием крупного ученого-геолога Аюжана

Жаксисбековича аль-Машани. В этом романе, состоящем из четырех частей под названиями «Арман сапарында» - «На пути к мечте», «Адамзат үшін арпалыста» – «В борьбе за человеческую жизнь», «Бақытты жолда» – «На счастливой дороге» и «Борыш» – «Долг», автор поднимает проблему вредного влияния крупных наземных и подземных атомных и ядерных взрывов не только на нынешнее здоровье поколений, состояние фауны и флоры, но и далекого будущего.

В 1991 году в издательстве «Жалын» вышел в свет третий научно- болашакский роман «Шеңбердің түйісуі» – «Соединение кольца», состоящий также из четырех частей под названиями «Шеңберлі аралда»- «На кольцевом острове», «Данқ шеңберінде» – «В кольце известности», «Шеңбер ширегінде» - «В четверти кольца» и «Шеңбердің түйісуі» - «Соединение кольца», где автор предостерегает от использования научных достижений в корыстных целях, иначе человечество может возвратиться к каменному веку и соединятся кольца жизни.

В 1999 году в издательстве «Жазушы» Жунис Сахиев выпускает четвертый научно-болашакский роман «Көктен келген көшпенділер» – «Кочевники из космоса» в полном объеме из этой же серии. Он состоит из четырех частей под названиями «Қазақ жері» – «Казахская земля», «Тарылған табиғат» – «Стесненная природа», «Тазарған табиғат» – «Очищенная природа» и «Жер жайлау» – «Земля жайлау». Краткое содержание романа: главный герой Жайлау приезжает в свой родной аул в отпуск и, любуясь прекрасной природой, плодоносящими деревьями, реками и озерами, слушая птичье пение, с большим удовольствием вспоминает о своем счастливом детстве. На следующий день он отправляется на лошади в Кокжайлау. И вдруг видит огромный межзвездный корабль, спускающийся на равнину. Когда Жайлау, ничего не подозревая, приблизился

к нему, он почувствовал какой-то запах и заснул. Очнулся он среди высоко цивилизованных людей, живущих в легко собирающихся домах наподобие казахской юрты.

Так начинается общение между представителем казахского народа, хозяина огромной земли Жайлау Жагангерұлы и представителями высоко цивилизованных людей, освоивших целую галактику как маленький аул. Их притягивали природная красота казахской земли и чистота, умение гениально защищать природу как зеницу ока. Наши предки кочевали из одного региона в другой с целью дать возможность природе восстановиться, потом они возвращались на это же место, где возродилась уже новая жизнь. Пришельцов из другой звездной системы поразило именно этот гениальный метод защиты и сохранения природы казахским народом. Об этой встрече вскоре узнают все народы Земли и начнут брать с них пример.

Во время пребывания на Земле пришельцы как огромные пылесосы с помощью своих антигравитационно-туннельных систем будут очищать Землю от всего лишнего и вредного. На Земле теперь будет много просторных прекрасных степей и кокжайлау. В конце романа Жайлау Жагангерұлы со своими сверстниками совершают прогулку на конях по равнинам, превращенным в кокжайлау, а пришельцы из космоса, удаляясь от Земли, с глубоким удовлетворением наблюдают околованную Землю. Ведь их предки когда-то изуродовали природу своей планеты наподобие планеты-гиганта Сатурн нашей Солнечной системы, и после очищения вокруг их планеты образовались кольца разных размеров. Поэтому они не хотели, чтобы такая же участь ожидала и Землю. Такова суть научно-болашакского романа «Көктен келген көшпенділер» – «Кочевники из космоса» Жуниса Сахиева.

Пятый научно-болашакский роман «Марстан шыққан жаңғырық» – «Эхо на Марсе» вышел в свет в издательстве

«Білім» в 2002 году. Он состоит из четырех частей под названиями «Екінші Жер» – «Вторая Земля», «Екінші атамекен» – «Второе отечество», «Атамекен үшін айқас» – «Борьба за отечество», «Марстан шыққан жаңғырық» – «Эхо на Марсе». Хотя все события романа происходят на планете Марс, основная идея заключается в понимании героического освоения и защиты нашими предками своей родной земли. Группа молодых семейных пар отправилась с казахской земли на планету Марс. Там они испытывают на себе суровые природные катаклизмы Красной планеты.

На Марсе, естественно, мало тепла и воды, кислород вообще ничтожен. Несмотря на все это, молодежь удобряет просторные долины планеты навозом, использует специальную технику, привезенную с родной Земли. Постепенно появляются растения, облик планеты меняется к лучшему. Планета превращается во второе отечество. Однако, пришельцы из далеких галактик, наблюдая эти преобразования, решают вступить с ними в контакт, чтобы постепенно отобрать землю. Они, не зная цену природе своей планеты, исчерпали все ее богатства и теперь кочуют по всей Вселенной, подыскивая планету для обитания.

Но, предвидя их намерения, молодежь не допускает их к новому – второму после Земного – отечеству. Защитные системы не дали их кораблям сделать посадку на Марсе. Этот патриотизм и героизм они унаследовали от своих предков через поколения. «Сделанное кровью и потом мы должны защищать кровью!». Таков был их девиз. В романе особо выделяется своим характером, стойкостью и героизмом главный герой Есеналы. Он руководит всей группой. Читая научно-болашакский роман «Марстан шыққан жаңғырық» – «Эхо на Марсе», читатель поймет, какие ошибки допустили прежние обитатели Марса, которые оставили секретные голосовые записи в пещерах о своих трагедиях. С начала и до конца произведения читатель чувствует себя участником

этих событий. Писатель-болашакгер художественно и научно излагает описание Красной планеты, ведь он и сам профессиональный астроном.

В 2003 году в издательском центре «Ғылым» был выпущен очередной из серии – шестой научно-болашакский роман «Қимайтын әлем» – «Желанный из миров», состоящий из четырех частей под названиями «Ғажайып әлем» – «Прекрасный мир», «Екі түсті әлем» – «Двухцветный мир», «Ақиқат жолында» – «На пути к истине», и «Оянған қабілет» – «Пробужденная способность». Раньше журнальный вариант этого произведения был опубликован на казахском языке в научно-познавательном журнале «Тірішілік» – «Жизнь», на русском языке в газете «Вечерний Алматы», в республиканском литературном журнале «Простор» и, впервые в истории казахского научно-болашакского жанра, за рубежом, в Восточной Европе – столице Чешской Республики Праге, на страницах популярного научно-познавательного журнала «Немезида» на чешском языке.

Главный герой этого романа по имени Батыл – представитель другой звездной системы. По воспоминаниям автора, роман получил свое название со слов его матери Құлханис, когда она болела неизлечимой болезнью и сказала: «Никому не хотелось бы уходить из такого, данного богом, прекрасного мира». Действительно, любому человеку хотелось бы жить вечно на этой прекрасной Земле, может быть единственной в нашей Галактике. Суть этого научно-болашакского романа состоит в том, что человек, который умеет ценить и защищать природу может взять от нее глазом и чувством самое лучшее. Иначе, человек может потерять зрительную способность различать различные природные цвета. Такое горе постигло пришельца Батыла, который с рождения видел только черно-белые цвета, не знал красоты цветов природы. Вот что толкнуло его остаться перед взлетом межзвездного корабля из аула Енликгул.

Каждый научно-болашакский роман под общим названием «Кеңістік көшпенділері» – «Кочевники Вселенной» Жуниса Сахиева показывает силу его пера, глубокое научно-художественное содержание и поднимает его творчество на более высокую ступень.

Седьмой научно-болашакский роман «Шолпанға көшкен ауыл» – «Аул, перекочевавший на планету Шолпан» состоит из четырех частей под названиями «Аптапты аймақта» – «В регионе жары», «Іздеу сапарында» – «На пути поиска», «Дүниенің көзі» – «Источник света» и «Шолпанға көшкен ауыл» – «Аул, перекочевавший на планету Шолпан» вполне доказывает его творческий подъем. Идея, высказанная в этом романе Жунисом Сахиевым, является настоящей научно-обоснованной идеей, о которой он написал еще в 1974 году.

В романе автор с помощью огромного светопоглотителя в один миг перенес целый казахский аул на планету Шолпан. А в 2002 году австралийские ученые доказали возможность этого. Ученые провели лабораторные исследования: направляя лучи лазера на какой-нибудь неодушевленный предмет, в долю секунды расщепляли его, поглощали, переносили на другое место и вновь восстанавливали в прежнем состоянии. Об этом не раз передавали в том же 2002 году по телеканалам ОРТ и Казахстана.

Отрадно сознавать, что научно-художественная идея Жуниса Сахиева претворилась в жизнь как в свое время осуществились некоторые идеи французского писателя Жюль Верна.

После выхода этого научно-болашакского романа в 2004 году в Астане, в 2005 году я выступил с докладом об этом романе в годовом творческом отчете Союза писателей Казахстана. Мой доклад был опубликован на страницах газеты Союза писателей Казахстана «Әдебиет айдыны» 12 мая 2005 года.

Его восьмой научно-болашакский роман «Космотарих куәсі» – «Свидетель космоистории», состоящий из четырех частей под названиями «Құпиясы мол қойнау» – «Местность со многими загадками», «Мүз құрсақтағы алып мүсін» – ««Большое тело под толстым льдом», «Ғасырлар қойнауынан жеткен үн» – «Громкий звук из глубины веков» и «Космотарих куәсі» – «Свидетель космоистории», был опубликован в 2006 году в издательстве «Елорда».

Прочитав этот роман, читатель узнает одну из причин гибели динозавров и их исчезновения на Земле. Это не только научно-художественная история-событие, но и пример небрежного обращения с различными взрывчатыми веществами, что может привести к уничтожению не только отдельных стран, но и планеты в целом. Автор наводит на мысль о том, что нужно думать о защите не только своей природы, но и всей Земли.

Девятый научно-болашакский роман «Су әлемінің саздары» – «Мелодии подводного мира» авторской серии Жуниса Сахиева посвящен демографии нашего народа и развитию мелодий домбры, кобыза. Хотя события в романе происходят на подводных кораблях с участием инопланетян, чувствуется огромная любовь к Земле, родине, к своему любимому человеку. Пришельцы из другого мира таких человеческих чувств лишены. Автор в романе поднимает проблемы демографии и старинных казахских мелодий.

Следующий десятый научно-болашакский роман авторской серии носит название «Жасампаздық қиырында» – «На периферии побеждаемости». В данном романе Жунис Сахиев поднимает вопросы научного исследования звездного мира, будущего нашей планеты. Его герои всегда борются ради будущего всего человечества, не забывая о национальных особенностях и традициях своего народа.

Главные герои под командованием Такена Нуртайулы летят в направлении созвездия Близнецы, на обитаемую

планету, которая была открыта казахстанскими учёными. По прилёту космонавты попадают в малый мир. В этой странной малой звездной системе планеты обитатели превращены в маленьких человечков. По замыслу писателя-болашакгера вся Вселенная похожа на организм человека, состоящий из разных, но взаимосвязанных органов. В печати сегодня много пишется о «черных дырах». Они возникают от самой звезды, которая находится на закате своего существования. Такие звёзды при нарушении стабильности внутренней термоядерной реакции резко сжимаются, превращаются в нейтронные звёзды, а потом и в «черные дыры». Так рождаются, растут, стареют и умирают звезды.

